

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер
жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша
жұмыстар жүргізу**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по монтажу и пуско-наладке
системы скоростных лифтов большой
грузоподъемности**

ТК 3.02-03-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 2.04-01-2011. Технологиялық карта
ТК 2.04-01-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|---|---|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ» |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|--|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	2
4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары	4
5 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және олардың технологиясы	8
6 Материалдық-техникалық ресурстардың қажеттілігі	47
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	49
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	57
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	62

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ЖҮК КӨТЕРГІШТІГІ ҮЛКЕН ЖЫЛДАМ ЛИФТІЛЕР ЖҮЙЕСІН МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУ-ЖӨНДЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Еңгізілген мерзімі 2012.05.01

1 Қолданылу саласы

1.1 Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстар жүргізудің технологиялық картасы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің (НҚА), нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру, олардың технологиясы және механизациясы жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары;
- жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және олардың технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.4 Осы технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып, бригаданың жұмысшылары арасындағы міндеттерді нақты бөлу, жетілдірілген құралдар мен мүкәммалды қолдану кезінде еңбек үдерістерін орындаудың оңтайлы қарқыны шарттарынан қабылданды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға (НТК) және басқа да құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ТЖМ 21.10.2011 жылғы №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш крандардың құрылысы мен пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары

ҚР ТЖМ 08.02.2006 жылғы № 35 бұйрығымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидасы

ҚР ҚНжҚ 1.03-05-2001 Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

ҚР ҚНжҚ 1.03-06-2002* Құрылысты жүргізу. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салуды ұйымдастыру

ҚР ҚНжҚ 2.02-05-2009 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі

ҚР ҚНжҚ 5.03-37-2005 Негізгі және қоршау конструкциялары

МСТ 12.1.004-91 ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

МСТ 12.1.013-78 ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

МСТ 12.1.046-2002 Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары

МСТ 12.4.087-84 ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар

МСТ 12.4.089-86 ЕҚСЖ. Құрылыс. Алдын ала қорғану белдіктері. Жалпы техникалық шарттар

МСТ 12.4.107-82 ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Жалпы

	техникалық шарттар
МСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар
МСТ 11042-90	Құрылысқа арналған болат балғалар. Техникалық шарттар
МСТ 22845-85	Жолаушылар және жүк электр лифтілері. Құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу және қабылдау қағидасы
МСТ 23407-78	Құрылыс алаңдары мен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу учаскелерін мүкәммалдық қоршаулар. Техникалық шарттар
МСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған жүк арқандық строптар. Техникалық шарттар
МСТ 26433.1-89	Құрылыстағы геометриялық дәлдікті қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдер орындау қағидасы. Зауыттық дайындау элементтері
МСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық дәлдікті қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың параметрлерін орындау қағидасы
МСТ 26887-86	Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған алаңдар мен баспалдақтар. Жалпы техникалық шарттар
	Электр қондырғыларын орнату қағидасы (Алматы 2008).

3 Жалпы ережелер

3.1 Технологиялық карта *Di* жүйесінің жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстарды орындауды көздейді.

Лифт шахтасының жалпы түрі 1-суретте келтірілген.

3.2 Жұмыстар жүргізудің шарттары мен ерекшеліктері

- жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстар ҚР ҚНЖҚ 5.03-37 көзделген талаптарға, құрылысты ұйымдастыру жобасына (ҚҰЖ), жұмыс жүргізу жобасына (ЖЖЖ) және осы технологиялық картаға сәйкес орындалуға тиіс;

- жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу ҚР ҚНЖҚ 5.03-37 талаптарына сәйкес температуралық шарттар сақталған кезде орындалады;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МСТ 12.1.046 сәйкес келуге тиіс;

- материалдарды жұмыс аймақтарына беру жүк көтергіштігі 25 т монтаждау кранымен жүзеге асырылады (ҚҰЖ, ЖЖЖ талаптарына сәйкес);

3.3 Осы технологиялық картада қарастырылатын жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;


б) негізгі жұмыстар:

- жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу;

в) қорытынды жұмыстар.

3.4 Технологиялық карта жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды ҚР ҚНЖҚ 1.03-06, ҚР ҚНЖҚ 5.03-37, ҚР ҚНЖҚ 1.03-05 және осы технологиялық картаның 2.3-тармағының талаптары сақталған кезде бір-екі ауысымда орындауды көздейді.

3.5 Технологиялық картаны нақты объектіге байластыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, еңбектің сапасын, оның қорғалуын және қоршаған ортаны бақылау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.



- 1 – машиналық үй-жай;
- 2 – лебедка;
- 3 – лифт шахтасының қабырғалары;
- 4 – кабина;
- 5 – қарсы салмақ;
- 6 – шұңқырша жабдығы;
- 7 – шахтаның есігі

1-сурет – Лифт шахтасының жалпы түрі

4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

4.1 Жүк-жолаушы лифтілері

Жүк-жолаушы лифтісінің (бұдан әрі – лифт) жиынтығына мыналар кіреді:

- лифтінің ерекшеліктеріне сәйкес лифтіні пайдаланудың кепілді мерзіміне есептелген лифтінің жабдықтары, оның ішінде қосалқы бөлшектері мен материалдары, лифтіге техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған құралдар мен керек-жарақтар (ҚҚЖ); олардың ведомстволарына сәйкес құрастыру кезінде іске қосу-жөндеу жұмыстары үшін қосалқы бұйымдар (ҚҚБ);

- лифтімен жөнелтілетін техникалық құжаттама және ауыстыруға арналған бөлшектердің тізбесі.

Бір объектіде немесе ғимаратта орнату үшін бір үлгідегі, түрдегі, жүк көтергіштегі, жылдамдықтағы және орындаудағы бірнеше лифт (қарсы салмақтың әртүрлі орналасуы, өтпелі немесе өтпелі емес кабина және т.б.) жөнелтілген жағдайда, 5 лифтіге арнап бір данадағы техникалық құжаттаманы жөнелтеді. Паспортты, қағидаттық электр схемасын, қосылыстардың электр схемасын, құрастыру (орнату) сызбасын әрбір лифтімен жөнелту қажет.

Лифтінің құрамдас бөліктерін: лебедканы, кабинаны, шахтаның есігін, гидравликалық буферді, жылдамдық шектегішті, керу құрылғысын, егер тапсырыс берушінің басқа талабы болмаса, жиналған және реттелген түрде жөнелту қажет.

Үй қабаттары ажыратқыштарын бекіту кронштейндері, шунттар, селекция датчиктері, үй қабаттарының клеммалық қораптары қосылған қысқыштарымен бірге жөнелтіледі. Бағыттағыш бекіту бөлшектері қосылған қысқыштарымен бірге жиналған түрде жөнелтіледі.

Мыналарды:


- қарсы салмақты;
- жоспардағы мөлшерлері 1500 мм × 2000 мм және одан да көп жүк лифтісінің кабинасын;

- қуысының ені 2000 мм астам немесе биіктігі 2600 мм астам жүк лифтілері шахтасының есіктерін;

- жолаушылар лифтісінің шахта есіктері қуыстарының жиектерін (ол болған кезде) бөлшектелген түрде жөнелтуге жол беріледі.


Бағыттауыштары бар пакет строповка схемасы 2-суретте келтірілген.

Шахта есігі строповкасының пакеттегі схемасы 3-суретте келтірілген.



- 1 – бағыттауыштары бар пакет;
- 2 – екі тармақты строп;
- 3 – траверса

2-сурет – Бағыттауыштары бар пакет строповкасының схемасы



- 1 – есіктері бар пакет;
- 2 – пакет рамасының строптық ілмегі;
- 3 – төрт тармақты строп

3-сурет – Шахта есігі строповкасының пакеттегі схемасы

Кабиналардың строповкасын кабинаның жоғарғы арқалығына бекітілетін арнайы құрылғының көмегімен орындайды. Кабинаны строповкалау схемасы 4-суретте келтірілген.

Лифтінің лебедкасын строповкалау схемасы 5-суретте келтірілген.


Қарсы салмақты строповкалау схемасы 6-суретте келтірілген.

Di жүйесі лифтілерінің негізгі техникалық сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Лифтілерінің негізгі техникалық сипаттамалары


Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні
Шахтадағы машиналық үй-жайда жол берілетін температура (ең аз және ең көп, °С)	+5 - +40
Салыстырмалы ылғалдылық, %, 40 °С температура кезінде	95-тен көп емес
Пайдаланылу мерзімі, жыл	25
Номиналдық жүк көтергіштігі, кг	1600
Жолаушылардың ең көп саны, адам	18
Кабина қозғалысының номиналды жылдамдығы, м/с	4,0
Кабинаның «Тексеріс» режимінде қозғалу жылдамдығы, м/с	0,25
Аядамалар саны, дана.	35
Шахта есіктерінің саны, дана.	17
Көтеру биіктігі, м	132
Дайындаушы кәсіпорын	Лифт жасау зауыты, Корея Республикасы
Маркасы	DS4-PA21(1600)-CO240-35/35

Лифтілердің жабдықтарын тасымалдау оларға қолданылатын қағидаларға сәйкес көліктің кез келген түрімен жүзеге асырылады.




- а – жолаушылар лифтісінің;
- б – жүк лифтісінің
- 1 – кабина;
- 2 – строп ілмегі;
- 3 – строп;
- 4 – кранның ілмегі;
- 5 – сақиналық строп;
- 6 – кабинаның блогы

4-сурет – Кабина строповкасының схемасы



- 1 – көтергіш ілмек;
- 2 – строп;
- 3 – лифт лебедкасы;
- 4 – рама

5-сурет – Лифт лебедкасы строповкасының схемасы



- 1 – қарсы салмақ;
- 2 – строп;
- 3 – көтергіш ілмек

6-сурет – Қарсы салмақ строповкасының схемасы

5 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және олардың технологиясы

5.1 Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстарды бастағанға дейін:

- жұмыстарды жауапты басқарушыны тағайындау;
- жұмыстарды жауапты басқарушы НТҚ сәйкес жұмысшыларды еңбек қауіпсіздігі бойынша оқыту және нұсқама жүргізу, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен жұмысшыларды қол қою арқылы қамтамасыз ету;

- жұмысшылар мен ИТҚ жобаның жұмыс сызбаларымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), құрылысты жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) және осы технологиялық картамен таныстыру;

- ЖЖЖ және ҚР ҚНЖҚ 1.03-06 талаптарына сәйкес құрылыс алаңын дайындауды орындау;

- тиісті актілер жасай отырып, жұмыс жобасына және ҚР ҚНЖҚ 1.03.06, ҚР ҚНЖҚ 5.03-37, ЖЖЖ сәйкес жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеудің алдындағы жұмыстарды аяқтау, орындау схемасын

жасай отырып, орындалған конструкциялардың жоспарлы және биіктік жағдайларын геодезиялық тексеруді орындау;

- такелаждық жарақтарды, айлабұйымдар мен құралдарды белгіленген тәртіппен жұмысқа дайындау және тексеру;

- шахтаның бүкіл биіктігі бойынша биіктігі 1,8-3 м төсеу құралдарын, ал ҚҰЖ-да көзделген жағдайларда – ағаштар орнату;

- шахтаның есік қуыстарына және монтаждау қуысына (ол болған кезде) қоршау орнату;

- әр үй қабатында (яруссында), машиналық және блоктық үй-жайларда шахтаны уақытша жарықтандыру қорегіне қосуды орындау;

- санитарлық-тұрмыстық үй-жай, шеберхана үшін үй-жай және жабдықтарды уақытша сақтауға арналған қойма бөлу;

- лифт аялдамаларының таза едендері деңгейінде атқару схемасын дайындау және барлық үй қабаттарында, есік қуыстарына тікелей жақын жерлерде баспалдақ клеткасының қабырғасына олардың белгілерін қою;

- лифт шахтасы құрылыс бөлігінің атқару схемасын жасай отырып, шахтаның құрылыс бөлігін тексеруді орындау;

- монтаждау кранының әрекеті аймағында (лифтілерді ірі байламдармен құрастыруды жүргізу кезінде), немесе жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес құрылыс көтергіші орнатылатын ғимаратқа кіреберіске тікелей жақын жерде (монтаждау краны болмаған жағдайда) лифт жабдықтарын жинап қоятын орынды белгілеу;

- монтажшылар бригадасын құралдар жиынтығымен, құрастыру айлабұйымдарымен және бақылау-өлшеу құралдарымен жарақтандыру;

- ИТҚ мен жұмысшыларды МСТ 12.4.011 бойынша арнайы киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен және МСТ 12.4.087 бойынша қорғаныш каскаларымен қамтамасыз ету;

- ИТҚ мен монтажшыларды жұмыс сызбаларымен, жұмыстар жүргізу жобасымен және осы технологиялық картамен таныстыру;

- нұсқамалар журналына тіркей отырып, қол қоюмен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізу қажет.

Лифтінің құрылыс бөлігінің, төсеніштердің (ҚҰЖ-да көзделген жағдайларда – ағаштардың) және есік қуыстары қоршауларының лифт жабдықтарын құрастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы актімен (құрылыс бөлігінің лифт жабдықтарын монтаждау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы актісі және шахтада орнатылған төсеніштердің (ҚҰЖ-да көзделген жағдайларда – ағаштардың) және шахтаның есігі қуыстары қоршауларының лифт жабдықтарын монтаждау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы актісі) ресімделуге тиіс.

Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды және жүргізуді ҚР ҚНЖҚ 1.03-06, бекітілген ұйымдастыру-технологиялық құжаттаманың және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстарды мынадай құрамдағы буын атқарады:

- электр көтергіштерінің (лифтілердің) 6 разрядты (М1) монтажшылары (бұдан әрі мәтін бойынша – монтажшылар) – 1 адам;

- электр көтергіштерінің (лифтілердің) 4 разрядты (М2) монтажшылары;


- электр көтергіштерінің (лифтілердің) 3 разрядты (М3) монтажшылары.

Жұмыстар жиынтығына монтаждау кранының 6 разрядты (МК) машинисі қатысады – 1 адам.

Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде 4 разрядты монтажшының 4 разрядтан төмен емес электрмен дәнекерлеуші куәлігі болуға тиіс.

Тиісті жұмыстарды (строповка, жабдықтарды жұмыс орнына беру) электр көтергіштерінің (лифтілердің) 4 және 3 разрядты монтажшыларының 2 разрядтан төмен емес біліктілігі бар такележшылар куәлігі болуға тиіс.

Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастырудың схемасы 7-суретте келтірілген.



- 1 – рейка-қағида;
- 2 – монтаждау ломы;
- 3 – тіктеуіш;
- 4 – құрылыс деңгейі;
- 5 – лифтінің шахтасы;
- 6 – сақтану белдігі;
- 7 – төбе арқалығы;
- 8 – төсеніштер;
- 9 – тәуекелдер;
- 10 – монтаждау краны

(M1), (M2), (M3), (MK) – электр көтергіштері (лифтілер) монтажшыларының, кран машинисінің жұмыс орындары

7-сурет – Жүк көтергіштігі үлкен жылдар лифтілер жүйесін монтаждау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыстар жүргізу технологиясы

Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу бойынша жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

а) дайындау жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- қалыптар дайындау және орнату;
- шахтадағы жұмыстар;
- машина үй-жайындағы жұмыстар;
- кабинаны монтаждау;
- шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау;
- үй қабатындағы индикатор (шақыру) аппараттарын монтаждау;
- қоршау қабырғалары мен кабина есіктерін монтаждау;
- электр монтаждау жұмыстары;
- сынау және пайдалануға енгізу.

в) қорытынды жұмыстар

5.2.1 Дайындау жұмыстары

Инженер-техникалық қызметкерден нұсқау алып, жұмыс жобасымен, жұмыстар жүргізу жобасымен және осы технологиялық картамен қол қою арқылы танысқаннан кейін бригаданың жұмысшылары қажетті құралдар мен айлабұйымдар алады.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Қалыптар дайындау және орнату

Ғимаратты алдын ала қарап шығу

Лифтінің жабдықтарын құрастырардың алдында шахтаның мөлшеріне (жоспардағы) кабинаның мөлшерлерін биіктігі бойынша енгізу қажет. Лифтінің кабинасынан шахта қабырғасына немесе оның белдіктеріне (ригельдік белдемдер) дейінгі іс жүзіндегі мөлшер жобада көрсетілген мөлшерден кем болмауға тиіс.

Төменгі қабаттағы кіреберіс қуыстардың, алдыңғы қабырғаның базалық сызықтарын белгілейді.

Қалыптар дайындау және орнату

Шахтаның іс жүзіндегі мөлшерін кабинаның көлемдік мөлшеріне байластыруды қалыппен атқарады. Жоспардағы қалыптың мөлшері кабинаның сыртқы мөлшеріне (кеңдігіне, тереңдігіне) сәйкес келуге тиіс.

Ағаш немесе болат қалыптар қолданылады.

Кіреберіс қуыстар мен бағыттауыш кабинаның және қарсы салмақтың жоғарғы және төменгі қалыптары үшін дайындамалар кесіп алады. Қалыптың ішкі жиегінен 5-7 мм қашықтықта сызық белгілейді. Болат қалып пайдаланылған жағдайда сызықты ортадан белгілейді.

Кіреберіс қуысқа арналған қалыпты дайындау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кіреберіс қуыс үшін қалыпта орталық нүктені белгілейді;
- EW/2 қашықтықта (мұнда EW – кіреберіс қуыстың ені) орталық нүктеден сол жақтан және оң жақтан кесу сызығын белгілейді. Болат қалып пайдаланылған жағдайда диаметрі 1 мм роялдық сым үшін диаметрі 0,5 мм екі тесік теседі;
- V түрінде екі қиық кеседі.

Бағыттауышқа және қарсы салмаққа арналған қалыпты дайындау мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- қалыптарда кабина мен қарсы салмақ үшін орталық нүктені белгілейді;
- RG/2 қашықтықта (мұнда RG – бағыттағыш жолтабанның ені) орталық нүктеден сол жақтан және оң жақтан кесу сызығын белгілейді. Болат қалып пайдаланылған жағдайда диаметрі 1 мм роялдық сым үшін диаметрі 0,5 мм екі тесік теседі;

- V түрінде екі қиық кеседі. Қалыптың жоғарғы және төменгі қалыптарындағы қиықтардың саны – 4 дана;

- қалыптың орталық нүктесінен $H+10$ мм қашықтықта оң жақтан және сол жақтан тік айыру сызықтарын жүргізеді (мұнда H – бағыттағыштың биіктігі). Болат қалып пайдаланылған жағдайда диаметрі 1 мм роялдық сым үшін диаметрі 0,5 мм екі тесік теседі;

- V түрінде екі қиық кеседі.

Қалыптарды орнату орындарын белгілеу мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- лифт шахтасының төрт қабырғасына жоғарыдан 1 м қашықтықта (шахтаның төбе плитасынан төмен) айыру сызықтарын жүргізеді;

- қабырғаға кіреберіс жақтан айыру сызығына А орталық нүктесін белгілейді, орталық нүктенің оң жағынан және сол жағынан $B/2+120$ қашықтық өлшеп алады;

- қарсы салмақ жақтан айыру сызығына Д орталық нүктесін белгілейді, орталық нүктенің оң жағынан және сол жағынан $C/2+120$ қашықтық өлшеп алады;

- алдыңғы және артқы қабырғада белгіленген нүктелердің арасына диагонали бойынша ұзындықты өлшейді және екі дайындаманың шеттерін кеседі, олар тірек кронштейндерінің арасында тартқыш қызметін атқарады. Ағаш қалыптар пайдаланылған кезде тартқыштардың ұзындығы өлшенген қашықтыққа плюс 10 мм тең болуға тиіс; болат қалыптар пайдаланылған кезде тартқыштардың ұзындығы өлшенген қашықтыққа минус 10 мм тең болуға тиіс.

- жоғарғы қалыптың тірек элементтерін орнатады. Тірек кронштейндерін анкерлік болттармен бекітеді (4 нүктеде – алдынан және артынан);

- тартқыштарды тірек кронштейндеріне салады және оларды ағаш қалыптар үшін балғаның көмегімен және болат қалыптар үшін электрмен дәнекерлеу көмегімен сыналап шеттеріне бекітеді;

- төменгі қалыптың тірек элементтерін орнатады. Лифт шахтасының төрт қабырғасына шұқыршаның еденінің үстіне 1 м қашықтықта айыру сызықтарын жағады. Тірек кронштейндерін анкерлік болттармен бекітеді (4 нүктеде – алдынан және артынан), тартқыштарды тірек кронштейндеріне салады және оларды шеттерінен балғаның көмегімен сыналап бекітеді.

Қалыпты орнату орнының айыру схемасы 8-суретте келтірілген.

Шахтаны өлшеу мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

- кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекітеді;

- кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын уақытша бекітеді;

- шахтаның мөлшерлерін түпкілікті тексереді.

Кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекіту мынадай түрде орындалады:

- жұмыс сызбаларына сәйкес алдыңғы және артқы, сол және оң қабырғалардан қашықтықты реттейді;

- кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын екі нүктеде қысқыштармен уақытша бекітеді;


- рояльдік сымның екі кесіндісін осы кесінділердің әрқайсысының ұшына тіктеуішті бекітіп, төмен шұқыршаға қарай тартады;

- рояльдік сымның сол және оң кесінділерін жоғарғы қалыптың V-үлгідегі жырашықтарына бекітеді және оларды екі нүктеде қысқыштармен бекітеді.

Кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын уақытша бекіту мынадай түрде орындалады:

- төмен түсіп келе жатқан тіктеуішке автоматты түрде түсетін нүктелердің берілген мөлшерлерге 0 ± 1 мм дәлдікпен сәйкес келетінін тексереді;

- кіреберіс қуыстың төменгі кронштейнінің V-үлгідегі жырашықтарындағы рояльдік сымның оң және сол кесінділерінің қалпын реттейді және оларды екі нүктеде қысқыштармен бекітеді.



- 1 – лифтінің шахтасы;
- 2 – деңгей;
- 3 – айыру сызығы;
- 4 – жоғарғы қалыптың тірек элементтері;
- 5 – төменгі қалыптың тірек элементтері

8-сурет – Қалыпты орнату орнын таңбалау схемасы

Шахтаның мөлшерлерін егжей-тегжейлі тексеруге мыналар кіреді:

- кабина табалдырығының шеті мен қабырғаның ішкі беті арасындағы қашықтық;
- шахтаның ені;

- шахтаның тереңдігі;
- есік қорабының байламын орнатудың негізгі мөлшері.

Шахтаның мөлшерлерін тексеруді еденнің базалық сызығын негізге алып орындайды.

Кіреберіс қуыстардың қалыптарын орнату;

Кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын орнатуды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- кіреберіс қуыстың төменгі қалыбына бекітілген рояльдік сымның кесіндісін босатады;

- өлшенген мөлшерлерді жұмыс сызбаларымен салыстырғаннан кейін кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекітеді, базалық сызықты және мөлшерлерді өлшеу нәтижелерін негізге ала отырып, оның қалпын алғы және артқы, сол жақ және оң жақ бағытқа реттейді;

- кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбының V-үлгідегі сол және оң жырашықтарындағы рояльдік сымның кесінділерін реттейді және оларды екі нүктеде қысқыштармен бекітеді.

Кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын орнатуды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- тіктеуіш автоматты түрде түсірілетін позицияларда кіреберіс қуыстың төменгі қалыбының V-үлгідегі жырашықтарын 0 ± 1 мм дәлдікпен орналастырады және төменгі қалыпты уақытша бекітеді;

- ғимараттың базалық сызығы мен рояльдік сымның оң және сол кесінділерінің арасындағы қашықтықтың берілген мөлшерлерге сәйкестігін тексереді.

Бағыттағыш кабина мен қарсы салмақ үшін қалыптар орнату

Бағыттағыш кабина мен қарсы салмақ үшін қалыптар орнатуды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- кіреберіс қуысының қалыптары арқылы өтетін рояльдік сымның кесінділерінен бастап есептелетін жұмыс сызбаларына арналған мөлшерлерді негізгі алып, қалыптарды орнату жағдайын анықтайды;

- бағыттағыштың орталығын белгілейді және жоғарғы және төменгі қалыптардағы сызықты тіркейді;

- шахтада шығып тұрған объектілердің рояльдік сымның кесінділерімен түйісетіндігіне көз жеткізеді.

Бағыттағыштардың кронштейндерін орнатуға арналған позицияларды таңбалау

Бағыттағыштардың кронштейндерін орнатуға арналған позицияларды таңбалауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- кронштейндердің және бағыттағыштар секцияларының санын тексереді;

- шұқыршаның тереңдігін таңбалайды және бағыттағыштарды орнату үшін позицияны белгілейді (шұқырша еденінің үстінен 2 м қашықтықта көлденең сызық белгілейді (бірінші кронштейнді орналастыру орны);

- кронштейндер орнатылған орындарға көлденең сызықтар белгілейді. Бірінші кронштейн орнатылған жерден бастап 2,5 м қадаммен үш қабырғаның бетіне көлденең сызықтар жүргізеді;

- үйдің жоғарғы қабатына кронштейндер орнату үшін жұмыс сызбаларына сәйкес сызық жүргізеді;

- бағыттағыш кабина мен қарсы салмақтың осьтік сызықтарын белгілейді;

- лебедканың тірек белдемдері мен жылдамдықты шектегіштің орналасқан орнын белгілеу үшін сызық жүргізеді;

- әрбір тесіктің (тартқыш арқандарға, кабель-өткізгіштерге, лебедканың тірек белдемдеріне, жылдамдықты шектегіштің арқандарына және т.б.) арналған тесіктер) жағдайын тексереді.

5.2.2.2 Шахтадағы жұмыстар

Буферлерді монтаждау

Буферлерді монтаждауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- буфердің тірек белдемін орнатады;
- кабинаға арналған буферді тірек белдемдеріне орнатады: буферге май құяды, май буфері плунжерінің жоғарғы резеңке бастырмасын бекітетін екі М6 болтын бұрап алады. Қарау тесігінен 10 мм төмен деңгейге дейін май құяды, болттарды бұрап бекітеді.

Бағыттағыштардың кронштейндерін орнату


Бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатуды екі тәсілмен орындайды:

- а) арнайы кондуктор бойынша;
- б) тіктеуіштің көмегімен.

Бағыттағыштардың кронштейндерін арнайы кондуктор бойынша орнату

Кронштейндерді шахтаның қабырғаларына бекітуді оларды жапсырма бөлшектерге дәнекерлеу жолымен немесе дюбельдермен орындайды.

Кронштейндерді шахтаның қабырғаларына бекіту схемасы 9-суретте келтірілген.




- а – дюбельдермен бекіту;
б – электр дәнекерлеу көмегімен бекіту

9-сурет – Кронштейндерді шахтаның қабырғаларына бекіту схемасы

Кейіннен бағыттағыштарды реттеу үшін құрастыру кезінде болттарды сопақша тесіктердің ортасына орнатады.

Кондукторды қалыптан алып шығу үшін кабинаның осі бойынша екі тіктеуішті түсіреді және оларды шұңқыршаға бекітеді. Кондукторды шахтаға орнатады және оларға кронштейндерді бекітеді.

Бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатуға арналған кондуктор 10-суретте келтірілген.



- а – қарсы салмақтың артта орналасуы кезінде;
- б – қарсы салмақтың бүйірде орналасуы кезінде
- 1 – лифтінің шахтасы;
- 2 – жапсырма бөлшек;
- 3 – қарсы салмақтың бағыттағышын бекіту кронштейні;
- 4 - кондуктор;
- 5 – кабина бағыттағыштарын бекіту кронштейні;
- 6 - тіктеуіштер;
- 7 – кабина мен қарсы салмақтың бағыттағыштарын бекіту кронштейні;
- 8 – кондуктор

10-сурет – Бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатуға арналған кондуктор

Кондукторды қалыптан түсірілген тіктеуіштер және деңгей бойынша теңестіреді. Бұл ретте кондукторда көзделген тәуекелдерді тіктеуіштермен біріктіреді. ъ

Кронштейндерді жапсырмаларға дәнекерлеу жолымен оларды шахтаның қабырғаларына бекітеді.

Дюбельдерге бекітуді мынадай дәйектілікпен орындайды:

- тірек бұрыштарындағы тесіктер арқылы дюбельді орнату орнын белгілейді;
- бұрғылап тесіктер теседі;

- дюбельді кергіш гайкамен ішкі тесікке қояды және балғаның жай соққысымен дюбель корпусының сыртқы бүйір жағы тесіктің жиегімен бір жазықтықта жататындай етіп дюбельді тесіктің тереңіне енгізеді;

- шайбалары бар болтты бекітілетін бөлшектің тесігі арқылы өткізеді және кілтпен кергіш гайканы соңына дейін бұрайды.


Тіктеуіштер бойынша бағыттағыш кронштейндерді орнату

Қалыптан кабина мен қарсы салмақтың осьтеріне симметриялы түрде кронштейннен бірдей қашықтықта екі тіктеуішті түсіреді.

Тіктеуіштердің көмегімен бағыттағыш кронштейндерді орнату схемасы 11-суретте келтірілген.

Кронштейндерді дәлдеуге арналған тіктеуіштерді жоғарғы кронштейннен түсіреді, ол үшін оның орналасуын қалыпқа қатысты дәлдейді және шахтаның қабырғасына бекітеді. Бағыттағыштарды бекіту үшін тесіктердің осі бойынша немесе қиыстырылған кронштейннің осі бойынша (бағыттағыш қарсы салмақты бекіту үшін) жоғарғы кронштейннен екі тіктеуішті түсіреді, шұқыршада тіктеуіштерге жүктер іледі. Шұқыршада түсірілген тіктеуіштер бойынша төменгі кронштейнді орнатады және оған тербелістер болмайтындай және тіктеуіштер тік қалыпта тұратындай етіп жоғары кронштейннен түсірілген тіктеуіштерді бекітеді. Орнатардың алдында барлық кронштейндерге кронштейндердің осі бойынша және тіктеуіштер өтетін жерлерге тәуекелдер жағады. Кронштейндерді тәуекелдер тіктеуіштермен бірігетіндей етіп екі тіктеуішті бірдей қашықтықта орнатады, кронштейндерді деңгей бойынша дәлдейді және қабырғаларға бекітеді.

Кронштейндерді жобаға сәйкес белгілі бір белгілерге орнатады. Бағыттағыштарды орнатқаннан және түпкілікті дәлдегеннен кейін кронштейндерді бекіту бұрыштарын тірек бұрыштарына дәнекерлейді.



- 1 - төменгі кронштейн;
- 2 - тіктеуіштер;
- 3 - жоғарғы кронштейн;
- 4 – бекіткіш болт;
- 5 - гайка;
- 6 - жүк

11-сурет – Тіктеуіштердің көмегімен бағыттағыш кронштейндерді орнату схемасы

Бағыттағыштарды монтаждау


Монтаждау кранының көмегімен бағыттағыштарды құрастыру

Бағыттағыштарды үйдің төбесіне жеткізеді. Бағыттағыштарды оларды монтаждау тәртібімен «жіптер» бойынша қояды және бағыттағыштардың жоғарғы ұштарына түйістіру планкаларын бекітеді. Егер мұнара кранының жебесі екі данадан түйістірілген бағыттағыштарды монтаждауға мүмкіндік берсе, онда оларды алдын ала түйістіру қажет.

Бағыттағыштарды кранмен монтаждауды траверс пен қапсырғыштарды қолдана отырып, ғимараттың төбесінен жүзеге асырады. Бағыттағыштардың әрбір кесіндісін кранмен шахтаға түсіреді және траверске бекітеді.

Бағыттағыштарды «жіппен» монтаждау траверсі 12-суретте келтірілген.

Содан соң кранмен шахтаның үстіне бағыттағыштардың екінші кесіндісін әкеледі, оны біріншімен түйістіреді және бағыттағыш кесіндісінің ұзындығына түсіреді. Сөйтіп, бағыттағыштардың бүкіл «жібін» шахтаға жинайды, оларды кейін кронштейндерге бекітеді. Әдетте, траверстің көмегімен кабина мен қарсы салмақ бағыттағышының екі жібін бір мезгілде жинайды.



- 1- траверса;
 2 – строп ілгегі;
 3 – саңылаушы шпилька;
 4 - гайка;
 5 - болт немесе ось;
 6 - қапсырғыш;
 7 - строп немесе арқан

12-сурет – Бағыттағыштарды «жіппен» монтаждауға арналған траверса

Бағыттағыштарды лебедканың көмегімен монтаждау

Төбесі жабылған шахтада және машина үй-жайында бағыттағыштарды монтаждауды монтаждау лебедкасының көмегімен орындайды.

Лифтінің кабина аялдамасы белгісінде монтаждау лебедкасын орнату схемасы 13-суретте келтірілген.

Бағыттағыштарды былайша монтаждайды:

- ұзарту тәсілі;
- «жіппен» жинау тәсілі;
- қиыстырылған тәсіл.

Ұзартуды көтеру биіктігі аз болған кезде немесе жүк көтергіштігі аз монтаждау лебедкасы болған кезде қолданады. Бағыттағыштарды «жіппен» жинау тәсілін көтеру биіктігі жоғары болған кезде, сондай-ақ жүк көтергіштігі жеткілікті лебедка болған кезде қолданады («жіптің» массасы лебедканың жүк көтергіштігінен аспауға тиіс). Қиыстырылған тәсіл алғашқы екі тәсілді біріктіреді.

Монтаждау жұмыстары басталғанға дейін барлық бағыттағыштарды монтаждау тәсілдеріне қарамастан бірінші аялдама шахтасы тесігінің қуысына жеткізеді және шұқыршаға түсіреді.

Бағыттағыштарды ұзарту тәсілімен монтаждау кезінде бағыттағыштың төменгі кесіндісін орнына орнатады және кронштейндерге бекітеді. Лебедканың арқанына кабинаның бағыттағыштарын монтаждауға арналған қапсырғышты немесе қарсы салмақтың бағыттағыштарын монтаждауға арналған қапсырғышты іледі. Қапсырғышқа


бағыттағыштың келесі кесіндісін бекітеді, оны біріншінің үстіне көтереді, оларды түйістіру планкасымен қосады және кронштейндерге бекітеді.

Бағыттағыштардың барлық «жіптерін» жинағанға дейін кейінгі кесінділерді кезекпен көтереді және бекітеді. Содан соң лебедканың немесе монтаждалуы осылай орындалатын бағыттағыштың екінші «жібін» монтаждауға арналған апару блоктарының орнын ауыстырады.

Бағыттағыштарды «жіппен» монтаждау кезінде қапсырғышты лебедканың арқанына іледі. Бағыттағыштың жоғарғы кесіндісін қапсырғышқа бекітеді, оны одан кейінгі кесіндінің биіктігіне көтереді, оларды өзара түйістіру планкасымен біріктіреді.

Біріктірілген екі кесіндіні одан кейінгі төменгі кесіндінің биіктігіне көтереді, оларды бағыттағыштың барлық «жібі» жиналғанға дейін түйістіру планкасымен және т.б. біріктіреді. Бағыттағышты кронштейндерге таяйды және бекітеді, содан соң стропты шешеді.

Бағыттағыштарды монтаждаудың қиыстырылған әдісі кезінде бағыттағыш кесінділерінің бір бөлігін «жіпке» жинайды және кронштейндерге бекітеді. Содан соң бағыттағыштың келесі «жібін» жинайды және кронштейндерге бекітеді және т.б.



- 1 - белдем;
- 2 – бағыттағыштар кронштейні;
- 3 - бөлу блогы;
- 4 - монтаждау лебедкасы

13-сурет – Лифт кабинасының аялдамасы белгісінде монтаждау лебедкасын орнату схемасы

Шахтадағы жабдықтарды монтаждау

Жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- ұштық ажыратқыштарды (жоғарғы және төменгі) жинайды;

- аспалы кабельді монтаждайды (аспалы кабельдің негізгі қапсырмасын орнату үшін орналасуын дәлдейді, аспалы кабельдің қапсырмаларын орнатады, қабырғаға тірек қапсырмасын орнатады);

- шұқыршаға инспекциялық баспалдақты орнатады.

5.2.2.3 Машиналық үй-жайдағы жұмыстар

Дайындау жұмыстары

Дайындау жұмыстары:

- жұмыс сызбаларымен машиналық үй-жайдың жай-күйін;

- ғимаратты электрмен жабдықтау жүйесінің және электр бөлу қалқанының жай-күйін;

- машиналық үй-жайдағы барлық тесіктердің (лебедка белдемі астындағы, кабина мен қарсы салмақ арқаны астындағы, жылдамдық шектегіш арқаны астындағы, кабель-өткізгіш астындағы және т.б. тесіктердің) жай-күйін;

- машиналық үй-жайдың кіреберіс есігіндегі құлыптың жай-күйін;

- көтеру ілгегінің және машиналық үй-жайға көтерілуге тиіс жабдықтардың барлық заттары массасының қауіпсіздігін;

- машиналық үй-жайда болуға тиіс барлық жабдықтарды тексеруден тұрады.

Лебедканы монтаждау

Лебедканы монтаждау жөніндегі жұмыстарды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- тірек белдемдерін орнатады;

- лебедканы строптайды;

- лебедканы жинауды орындайды;

- лебедканы орталықтандыруды орындайды;

- лебедканың тежегішін реттейді.

Жұмыстарды лебедканы монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес атқарады.

Басқару пультін монтаждау және қалыптау

Басқару пультін монтаждау және қалыптау жөніндегі жұмыстарды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- басқару пультінің негізін монтаждайды. Ғимарат қабырғасынан кемінде 300 мм қашықтықта басқару пультінің негізін орнату үшін позицияны белгілейді. Аралық қабаттардың көмегімен негізді теңестіреді және оны анкерлік болттармен бекітеді;

- басқару пультін монтаждайды. Басқару пультін негізге орнатады және оны болттармен уақытша бекітеді. Екі жазықтықта тік қалыптан 3 мм аспайтын ауытқумен пульттің тік орналасуын қамтамасыз етеді.

Жылдамдықты шектегішті монтаждау және қалыптау

Жылдамдықты шектегішті монтаждау және қалыптауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- жылдамдық шектегішті орнату орнын және орнату тесіктерінің мөлшерін жұмыс сызбаларына нақтылайды;

- жылдамдық шектегішті арқаны ол үшін арналған тесік арқылы еркін өтетіндігін тексереді;

- жылдамдық шектегіш үшін анкерлік болттар орнатуға нүкте белгілейді және болттарды орнатады;

- анкерлік болттарға жылдамдық шектегішті орнатады және оны түзулейді;

- оның екі жазықтықтағы тік қалпын 0 ± 1 мм шегінде қамтамасыз етіп, жылдамдық шектегіштің орналасуын реттейді;

- стопор жүгі іске қосылғаннан кейін стопор башмақтарының арасындағы саңылау 5 мм құрайтындығына көз жеткізеді. Егер стопор башмақтарының арасындағы саңылау

5 мм асса, стопор башмағын бекітетін М8 болтын босаңсытады, саңылауды аралық қабаттармен реттейді.

5.2.2.4 Кабинаны монтаждау

Кабинаны жинау

Егер ұстағыштар кабина еденінің астына орнатылса, жинауды: кабинаның едені – кабина қаңқасының қадаушасы дәйектілігімен орындайды. Егер ұстағыштар кабина қаңқасының қадаушасына орнатылса, жинауды кабина қаңқасының қадаушасы – кабинаның едені дәйектілігімен орындайды.

Кабинаны жинауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- қысқыштардың көмегімен (екі жақтан 8 дана) сол және оң бағыттағышқа тірек бұрыштарын орнатады. Тірек бұрыштары отырғызу алаңы табалдырығынан 600 мм төмен қашықтықта орналасуға тиіс. Егер кабинаның массасы көп болған жағдайда тірек бұрыштарын тірек белдемдерімен қоса пайдаланады;

- отырғызу алаңы қабырғасының қарсы кіреберісіне белдемдердің негізгі кронштейндерін болтпен бекітеді және оларға тірек белдемдерін қояды;

- монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ұстағыштың орналасуына қарай кабина едені мен қаңқа қадаушасын жинайды;

- көлденең арқалықты орнатады;

- есік жетегінің тірек планкасын, тартқышты, тұғырнама қадаушасын және қадауша ұстағышты орнатады;

- тартқышты жинайды;

- түпкі ажыратқыштың және кабина төбесіндегі қоршаудың бұрмасын монтаждайды;

- бағыттағыш роликтерді монтаждайды;

- кабинаны түзулейді.

Қарсы салмақтың қаңқасын монтаждау

Қарсы салмақтың қаңқасын монтаждауды орналасуын таңдаудан бастайды:

- қабырғаға қарсы салмақ жағынан буфердің биіктігі плюс еркін жүріс ұзындығына тең шұқыршаның таза еденінен биікке базалық сызық белгілейді;

- қарсы салмақ қаңқасының алдыңғы және артқы жағын тексереді және оның қарсы салмақтың бағыттағышына жылжытады;

- қарсы салмақ қаңқасының орналасуын реттеп, қаңқаны қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндеріне уақытша бекітеді;

- қарсы салмақ қаңқасының оң және сол жақтарында орналасқан кронштейндерді қарсы салмақтың бағыттағыштарымен біріктіреді;

- қарсы салмақтың жоғарғы және төменгі бағыттағыш роликтерін М16 болттарымен (4 нүктеге 4 данадан) бекітеді.

Кабинаның арқандарын және жылдамдық шектегішті тарту

Арқандар тартуды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- арқанның баббиттерін сыналайды және құяды;

- арқандарды тартады.

Кабинаның арқандарын тартуды мынадай түрде орындайды:

- кабина арқанының ұяшығына енгізілген ұштықты лебедканың арқан жүретін шкивінің бірінші жырашығындағы арқаннан бастап соңғы жырашықтағы арқанға дейін кабинаның көлденең арқалығына түсіреді;

- ажырамалы шплинтті суырып, қосарлы гайканы ағытып және тірек шайбасын және ұштықтардың серіппесін алып, ұштықтарды арқалықтың монтаждау пластинасындағы тиісті тесік арқылы өткізеді және содан соң ұштықтардың бекіту элементтерін кері дәйектілікпен орнатады;

- бұру блогының бірінші жырашығынан бастап арқандарды қарсы салмаққа түсіреді;

- арқандардың бұратылмауын болдырмау үшін арқандарды шахтаның ортасындағы қарсы салмақтың бағыттағышына байлайды;

- қосарлы гайкалардың көмегімен кабина арқандарының бірдей ұзындығы реттелгеннен және жоғарғы тірек шайбаларының арқалықтың монтаждау пластинасына дұрыс қойылғаны тексерілгеннен кейін арқандардың байлауын ажыратуды орындайды.

Жылдамдық өлшегіштің арқандарын тартуды мынадай түрде орындайды:

- жылдамдық шектегіштің арқанын жылдамдық шектегіштің жүгі жағындағы тесік арқылы шұқырша еденіне дейін төмен түсіреді;

- арқанның ұшын жүкке қарама-қарсы жақта орналасқан тесік арқылы түсіреді және оны жылдамдық шектегіштің шкивіндегі жырашыққа енгізеді;

- кабина арқалығының біріктіру тұтқасынан ажырамалы шплинтті және біріктіру штифтің суырып, қапсырманы ажыратады;

- арқанды біріктіргіш тұтқаға салу үшін жылдамдық шектегіштің тарту блогын айналдыра орап, оны бағыттағышқа қарай тартады;

- ажыратылған қапсырма жағдайында арқанды бітеу жөніндегі жұмысты орындайды.

5.2.2.5 Шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау

Отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждау

Отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждауды мынадай түрде орындайды:

- отырғызу алаңының табалдырығына кіреберіс қуыстың осьтік сызығын, кіреберіс қуыстың енін білдіретін оң және сол сызықтарды сызады;

- еденнің базалық сызығы бойынша және рояльдік сымның кесінділерімен анықталатын сызықтар (кіреберіс қуыстың ені) бойынша отырғызу алаңының уақытша кронштейнін орнатады, анкерлік болтты орнататын орынды белгілейді және бұрғылап тесік теседі;

- анкерлік болттың көмегімен табалдырық кронштейнін уақытша бекітеді;

- көлденең жазықтықтағы отырғызу алаңының табалдырығын алға-артқа, оңға-солға бағытында түзулейді және реттейді;

- электр дәнекерлегіштің көмегімен отырғызу алаңының табалдырығын дәнекерлейді;

- белдемше орнатады;


- табалдырық кронштейнін уақытша орнатады;

- отырғызу алаңының табалдырығын монтаждайды.

Есік қуыстарының жақтауларын монтаждау


Блок есіктеріне арналған болат жақтауларды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- есік қуысы жақтауының қадаушасына: таза еденнің белгісінен 1200 мм және 870 мм (стандартты қуыс) және қосымша 300 мм (кең қуыс) биіктікке қадаушаны бекітуге арналған 2 нүктені белгілейді, бұрғылап тесік теседі және оларға анкерлік болттар орнатады. Анкерлік болттарды орнату схемасы 14-суретте келтірілген;



Сандартты қуыс

Кең қуыс




- 1 – табалдырық;
- 2 – анкерлік болт;
- 3 – табалдырық (бір жақты жылжымалы есіктер)

14-сурет – Анкерлік болттарды орнату схемасы

- еденге ағаш тұғырлықты, оның үстіне қадаушаларды және жақтаудың жоғарғы белдемін қояды;

- қадаушаларды және жақтаудың жоғарғы белдемін М6 болттарымен уақытша бекітеді.

Қадаушаларды және жақтаудың жоғарғы белдемін құрастыру схемасы 15-суретте келтірілген;



- 1 – ұстағыш;
 2 – М6 болты;
 3 – жақтаудың жоғарғы белдемі;
 4 – жақтау қадаушасы

15-сурет – Қадаушалар мен жақтаудың жоғарғы белдемін құрастыру схемасы

- алдыңғы және артқы, сол жақ және оң жақ саңылауды реттейді және біріктіру кронштейнін орнатады;
- қадаушаны отырғызу алаңының табалдырығына М5 болттармен уақытша бекітеді;
- қадаушаның орналасуы мен көлбеулігін реттейді және кронштейннің болтын тартады;
- жақтау қадаушасы мен анкерлік болттардың арасындағы металл тартқыштарды бекітеді, электр доғалы дәнекердің көмегімен оларды дәнекерлейді. Сол жақтағы жоғары болтан бастап рет бойынша оң жақтағы жоғарғы болтқа, сол жақ төменгі, оң жақ төменгі және сосын ортадағы болттарға ауыса отырып, дәнекерлеуді диагональ дәйектілікпен орындайды.

Шахта есіктерінің аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждау

Шахта есіктерінің аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- шахта есіктерінің аспалы тетіктері корпусының орналасуын кіреберіс қуыстың, роялдік сымның сол жақ және оң жақ дәлдемелік кесінділерінің осьтік сызығына қатысты түзулейді, М12 анкерлік болтын орнату орнын белгілейді және болт үшін бұрғылап тесік теседі;
- шахта есіктерінің аспалы тетіктерінің корпусынан қақпақты алады;
- аспалы тетік корпусының сол жақ және оң жақ кронштейндерін орнатады және анкерлік болттармен уақытша бекітеді;
- тросың бұратылуына жол бермей, аспалы тетік корпусындағы роликке жүк тросын асады;

- шахта есіктерінің аспалы тетігінің корпусына қақпақты бекітетін орталық болттың тіктеуішін түсіреді, корпусының орналасуын тіктеуіш отырғызу алаңы кіреберіс қуысының табалдырығына осьтік сызықтан 0 ± 1 мм шектегі ауытқумен түсетіндей түрде реттейді;

- есіктердің аспалы тетігіндегі бағыттағыштың орналасуын оның орталығынан рояльдік сымның дәлдемелік кесінділері (кабина табалдырығының жазықтығы) орналасатын жазықтыққа дейінгі қашықтық 77,5 мм құрайтындай түрде реттейді;

- отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен аспалы тетіктегі бағыттағыштың төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты 2170 мм тең етіп реттейді және осы қашықтықтың оң жақтан және сол жақтан бірдей болуын қамтамасыз етеді.

Шахтаның есіктерін монтаждау

Шахтаның есігін мынадай дәйектілікпен монтаждайды:

- шахтаның есігін аспалы тетіктің қареткасына болтпен уақытша бекітеді және қалыңдығы 2 мм аралық қабат қояды;

- мыналарды:

- тік байлам қадаушасына қатысты 0 ± 1 мм қателікпен шахта есігі орналасуының тіктілігін;

- $0\pm 0,5$ мм шегінде оң жақтан және сол жақтан шахта есігі саңылауының шамасын;

- шахта есігі мен байлам қадаушасының арасындағы 4 ± 1 мм шегіндегі саңылаудың шамасын;

- отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен шахта есігінің төменгі жазықтығы арасындағы 5 ± 1 мм шегіндегі саңылаудың шамасын;

- жоғарғы тірек ролигі мен бағыттағыштың арасындағы саңылаудың шамасын;

- шахта есігінің барлық резеңке амортизаторлары арасындағы саңылаудың шамасын реттейді;

- құлыпты реттейді және ашылатын тросты монтаждайды.

Осы сияқты төменгі есіктен бастап шахтаның барлық есіктерін дәйектілікпен орнатуды орындайды.

Ернеулерді монтаждау

Ернеулерді монтаждауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- қадауша кронштейнін бекітетін М12 анкерлік болтты орнату орнын белгілейді, болт үшін бұрғылап тесік теседі;

- қадауша кронштейнін анкерлік болтпен бекітеді және оған М6 болттарымен қадаушаны бекітеді;

- қадаушаларға М6 болттарымен ернеуді бекітеді.

5.2.2.6 Үй қабатындағы индикаторлық (шақыру) аппараттарын монтаждау

Үй қабатындағы индикаторлық (шақыру) аппараттарын монтаждауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- аппараттарды монтаждауға дайындайды (қарайды) және жұмыс сызбаларына сәйкес оларды орнату орнын белгілейді;

- орнату қорабының төменгі жазықтығын және кіреберіс қуыс байламының негізіндегі орталық сызықты тексереді;

- қораптың төменгі жазықтығын тексерілген орталық сызықпен қояды және сызықтар түйісу үшін қораптың орналасуын тігінен және көлденеңінен реттейді;

- қорапты қабырға жазықтығынан 3-5 мм қашықтыққа жылжытады;

- қорапты бекітеді (электр дәнекерінің немесе ертінді қоспасының көмегімен).

5.2.2.7 Қоршау қабырғалар мен кабина есіктерін монтаждау

Дайындық жұмыстары

Қоршау қабырғалар мен кабина есіктерін монтаждауды дайындық жұмыстарынан бастайды:

- кабинаның төбесінде орналасқан резеңке амортизаторларды төбе плитасынан бұрап босатады;

- арқандарды төбе плитасының төрт бұрышына байлайды;
- кабинаның төбе плитасын полиспастымен немесе арқалықпен байластырады;
- секциялардың реті бойынша кабинаның қоршау қабырғаларын нөмірлейді;
- кабинаның қоршау кабиналарының секцияларынан қорғаныштық үлдірді аластайды.

Қоршау қабырғаларды монтаждау

Қоршау қабырғаларды монтаждауды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- кабинаның сол жақ қоршау қабырғасын және кіреберіс қуыстың тағанын монтаждайды;

- кабинаның оң жақ қоршау қабырғасын және кіреберіс қуыстың тағанын монтаждайды;

- кабинаның артқы қоршау қабырғасын монтаждайды;

- кабинаның сол жақ, оң жақ және артқы қоршау қабырғаларын өзара қосады.

Қабырға секцияларының арасындағы саңылау және олардың биіктіктерінің айырмасы $\pm 0,5$ мм шегінде болуға тиіс;

- кабинаның кіреберіс қуысының үстіне көлденең панельді монтаждайды;

- төбе плитасын монтаждайды. Төбе плитасын кабина қабырғаларының жоғарғы жиегіне және кабинаның кіреберіс қуысының көлденең панеліне М6 болттармен уақытша бекітеді. Кабина қабырғалары қоршауларының төменгі жиектерін бекітетін алдын ала орнатылған болттарды тірек рамасына бұрап бекітеді. Кабина қабырғалары қоршауларының жоғарғы жиектері мен төбе плитасын өзара бекітетін алдын ала орнатылған болттарды бұрап қатайтады. Кабинаның кіреберіс қуысы тағандарының тіктігінен оның қоршау қабырғаларының ауытқуы 0 ± 2 мм болуын тексереді;

- кабинаның төбесіне резеңке амортизаторлар орнатады. Амортизаторды +1 мм саңылауымен немесе кабинаның тағанына қатысты біршама көлбеу орнатады;

- кабинадағы басқару постысын монтаждайды. Басқару постының төбесін бекітетін бұрандаларды босатады және басқару постысын кабина қабырғасындағы тесікке енгізеді. Басқару постысын кабинаның қабырғасына М6 болттарымен уақытша бекітеді, саңылауларды үстінен және астынан аралық қабаттармен реттейді, М6 болттарын 4 нүктеге бұрап қатайтады. Басқару постысы кабина қабырғасының жазықтығынан 1 мм қашықтыққа жылжытылуға тиіс. Қабырға кронштейндерінің артына ойық арқылы басқару постысына баратын өткізгіштерді тартады және осы өткізгіштерді байлап, оларды кабинаның еденіне тартады. Кабинаның басқару постысының төбесін М5 бұрандаларымен бекітеді.

Кабина есігінің жетегін монтаждау

Кабина есігінің жетегін монтаждау жөніндегі жұмыстар басталғанға дейін кабинаны монтаждау орындалатын деңгейге түсіреді, есіктің жетегін асып қояды және қозғалтқыш тіреуіштерді алып тастайды.

Кабина есігінің жетегін монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- кабина есігінің жетегін тірек бұрышындағы орынға дәл орнатады және оны М12 болттарымен 2 нүктеде уақытша бекітеді;

- тіктеуішті кабина есігінің аспалы тетігіндегі есіктің бағыттағышы арқылы тізбекті беріліс блогының ортасы арқылы түсіреді. Тіктеуіштің 0 ± 1 мм шегінде солға және оңға ауытқуымен кабина табалдырығының осімен үйлесуін қамтамасыз етеді;

- тіктеуішті кабина табалдырығының шетінен түсіреді және табалдырықтың шеті мен есіктің аспалы тетігіндегі бағыттағыш арасындағы қашықтықты 58 ± 1 мм шегінде реттейді;

- кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен есік бағыттағышының төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты $EH+69\pm 1$ мм шегінде реттейді және жетекті уақытша бекітеді (EH – кіреберіс қуыстың биіктігі).

Кабинаның есігін монтаждау

Кабинаның есігін монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- кабинаның есігін аспалы тетіктің кареткасына уақытша бекітеді, қалыңдығы 2 мм аралық қабат салады және болттарды тартады;

- кабина есігінің төменгі жазықтығы мен кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы арасындағы саңылауды 5 ± 1 мм шегінде, кабинаның есігі мен кіреберіс қуыстың тағаны арасындағы саңылауды 4 мм және есіктің тіктіктен ауытқуын 0 ± 1 мм шегінде реттейді;

- кабина табалдырығының осі мен кабина есігінің үйлесуін тексереді;

- есіктің жоғарғы және төменгі резеңке стопорларының арасындағы саңылауды 0 ± 1 мм шегінде реттейді;

- есіктердің ашылуын реттейді.

Кабина есігінің қауіпсіздік құрылғысын монтаждау

Кабина есігінің қауіпсіздік құрылғысын монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- қауіпсіздік башмағын монтаждайды және реттейді. Қауіпсіздік башмағының жоғары-төмен қозғалатын тұтқаларын кабинаның есігіне М8 болттарымен уақытша бекітеді. Қауіпсіздік башмағын есікке орнатып, оның көлбеу бұрышын 0 ± 2 мм шегінде реттейді және оны болттармен бекітеді. Екі жақты қауіпсіздік башмақтары пайдаланылған жағдайда, башмақтың орналасуын ол кабина есігінің шетінен 25 мм шығып тұратындай және 40 мм толық жұмыс жүрісін иеленетіндей түрде реттейді. Реттеуді қауіпсіздік башмағының артқы жағында орналасқан болтпен (стопорлық) орындайды. Бірінші қауіпсіздік башмағы кабина есігінің шетінен 25 мм шығып тұруға және 55 мм толық жұмыс жүрісін иеленуге тиіс. Оң жақ және сол жақ қауіпсіздік башмақтарының арасындағы саңылауды реттейді, ол кабинаның есігі жабылған кезде 5 мм құрауға тиіс;

- қорғаныштық фотоэлементті монтаждайды. Қорғаныштық фотоэлементтің бергіші мен қабылдағышын кронштейндерге М5 болттарымен екі нүктеде бекітеді. Бергішті кабина есігінің сол жақ жақтауына, ал қабылдағышты кабина есігінің оң жақ жақтауына өзі тесетін М4 бұрандаларымен уақытша бекітеді. Бергіш пен қабылдағыштың орнату позицияларының көлденеңі бойынша үйлесуін 0 ± 3 мм шегінде реттейді және бұрандалармен қатайтып бекітеді;

- электр өткізгішін монтаждайды. Электр өткізгіш ширағының жоғарғы бөліктерін есік бағыттағыштарының оң жақ және сол жақ шеттеріне үстінен М8 болттарымен бекітеді. Ширақтардың төменгі ұштарын есіктің оң жақ және сол жақ жақтауларына М4 болттарымен бекітеді. Электр өткізгіш тізбегінің бағыттағыш кронштейндерін есіктің жақтауларына М4 бұрандаларымен бекітеді. Фотоэлементтерге және микроажыратқыштарға баратын кабельдерді бекітеді, электр өткізгіш кабельдерін тізбекке тартқышпен байлайды;

- көп элементті фотоэлектрондық элементті монтаждайды. Құрылғыны кабина есігінің шетінен $4\pm 0,5$ мм қашықтықта жазық конусты бастиегі бар М4 бұрандаларымен бекітеді. Бергіштер сол жақ жақтауда, қабылдағыштар оң жақтауда орналасуға тиіс. Құрылғының оң жақ және сол жақ құрауыштарының арасындағы қашықтықты тексереді, ол кабинаның есігі жабық кезінде 10 ± 1 мм тең болуға тиіс. Тізбекті тетік блогының төбесіне құрылғы бақылаушысын М4 бұрандаларымен бекітеді. Құрылғының кабелін кабинаның есігіне қапсырмамен және М5 бұрандасымен бекітеді, ал содан соң оны электр өткізгішке қапсырмамен және М5 бұрандасымен бекітеді. Құрылғы кабелінің ажыратқышын орнатады.

5.2.2.8 Электр монтаждау жұмыстары

Машиналық үй-жайдағы электр өткізгіштерді монтаждау

Машиналық үй-жайдағы электр өткізгіштерді монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- құрал-саймандарды, электр өткізгіштерін тартудың электр схемаларын дайындайды;

- қашықтықты өлшейді және өткізгіштерді тартады;

- машиналық үй-жайда электр қосылыстарын орындайды: электр кабельдерінің клеммаларын қысады, электрмен қоректендіру кабельдерін кіреберіс жақтағы электрмен қоректендіру кабельдерін, жүктеме жақтағы электрмен қоректендіру кабельдерін, магниттік тежегіш кабельдерін, бұрылыс бұрышы шеңберлі датчиктің кабелін қосады, жылдамдық шектегішімен қосуды орындайды.

Аспалы кабельдерді монтаждау

Аспалы кабельдерді монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- тармақтарының санын және аспалы кабельдер мен электр өткізгіштерінің санын тексереді;

- аспалы қапсырманы монтаждайды;

- шахтаның бөлгіш қорабындағы, кабинаның түбіндегі немесе кабинаның төбесіндегі аспалы кабельдерді монтаждайды;

- EVV кабельдерін монтаждайды.

Шахтадағы электр өткізгіштерді монтаждау

Шахтадағы электр өткізгіштерді монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- кабельдерді дайындайды;

- EVV кабельдерін басқару пультінің негізіне монтаждайды;

- шахтадағы EVV кабельдерін монтаждайды;

- шахтадағы электр өткізгіштерді монтаждайды.

Кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгіштерді монтаждау

Кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгіштерді монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- барлық ажыратқыштарды берілген монтаждау параметрлеріне сәйкес орнатады;

- әрбір ажыратқыштан кабина төбесіндегі бөлу қорабына электр кабелін тартады;

- барлық кабельдерді тірек бұрышына орналастырады және оларды 300 мм аралықта тартқышпен бекітеді. Аспалы кабель тартады және оны кабинаның қадаушасына және есіктің аспалы тетігінің корпусына байлайды;

- әрбір ажыратқыш кабелінің разъемін бөлу қорабының қарсы разъеміне қосады.

5.2.2.9 сынау және пайдалануға енгізу

Өтеу тізбегін монтаждау

Өтеу тізбегін монтаждауды мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды:

- тізбектің кронштейнін кабинаның түбіне M12 болттарымен (2 дана) бекітеді;

- тізбектің қарсы салмақтағы екінші кронштейнін M12 болттарымен (2 дана) бекітеді;

- кабинаны жоғарғы қабат деңгейінде тоқтатады;

- өтеу тізбегінің ұшындағы тесікке U түріндегі болтты енгізеді және оны шұқыршаның едені жағынан қарсы салмақтың төменгі кронштейніне енгізеді;

- болтты қосарланған гайкалармен бекітеді, ажырамалы шплинт (2x2) салады және оның ұштарын иеді;

- өтеу тізбегінің бұратылмауын болдырмай, кабинаны жайлап төмен түсіреді;

- кабинаны қызмет көрсететін төменгі қабаттың деңгейінде тоқтатады;

- пайда болған бұратылымдарды толық жояды, өтеу тізбегін асып қояды;
- өтеу тізбегін тиісті ұзындықта кеседі;
- өтеу арқандарының тарту тетігінің блогын монтаждайды;
- өтеу арқандарының ұштарын бітейді;
- өтеу арқандары блогының ажыратқыштарын монтаждайды.

Кабинаны баланстау

Кабинаны баланстауды мынадай түрде орындайды:

- баланстау жүктерін салады;
- бағыттағыш башмақтар мен бағыттағыш роликтерді реттейді.

Есіктердің жетегін сынап жүргізу

Есіктердің жетегін сынап жүргізу жөніндегі жұмыстарды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- электрмен қоректендіруді қосардың алдында тексереді;
- кернеуді тексереді және сынап жүргізуді орындайды;
- есіктер жетегінің жұмыс істеуін тексереді.

Құлып пен ысырманы реттеу

Ысырманы реттеу жөніндегі жұмыстарды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- кабинеттің табалдырығы мен отырғызу алаңы табалдырығының арасындағы саңылауды сол жағынан және оң жағынан өлшейді (ол 30 ± 1 мм шегінде болуға тиіс);
- ысырманың түзулігін алдынан және артынан, оң жағынан және сол жағынан тексереді (ол 1 мм шегінде болуға тиіс);
- кабинетті жоғары, төмен жылжыта отырып, отырғызу алаңының табалдырығы мен ысырманың арасындағы қашықтықты тексереді (ол 8 мм шегінде болуға тиіс);
- ысырманың бұрылуын реттейді.

Құлыпты реттеу жөніндегі жұмыстарды мынадай дәйектілікпен орындайды:

- кабинетті жоғары, төмен жылжыта отырып, отырғызу алаңының табалдырығы мен құлыптың роликі арасындағы қашықтықты тексереді (ол 8 ± 1 мм шегінде болуға тиіс);
- құлып роликінің орналасуын тексереді (ол ысырманың ортасында болуға тиіс, сол жағынан және оң жағынан 10 ± 2 мм);
- құлыптың құлақшасы мен ысырманың арасындағы саңылауды ($2 \pm 0,5$ мм), ажыратқыштың жұмыс жүрісін ($4 \pm 0,4$ мм) тексереді.

Есіктің ажыратқышы мен бұрмасын реттейді:

- есіктің бұрмасы мен ажыратқышының арасындағы саңылау $1 \pm 0,5$ мм шегінде;
- көтерілетін роликтің бағыттағыш бойынша қозғалу ұзындығы $2 \pm 0,5$ мм шегінде (кабинаның жабық есігі кезінде);
- есік ажыратқышының жұмыс жүрісі 18 ± 2 мм шегінде (есіктің бір жақты-ысырмалы ашылауы жағдайында – 9 ± 1 мм).

Түпкі ажыратқыштарды және кабинетті баяулату режимінің (SDS) ажыратқышын реттеу

Жоғарғы және төменгі түпкі ажыратқыштарды UL (DL) және жоғарғы және төменгі шекті түпкі ажыратқыштарды FLU (FLD) реттейді. Нұсқаулыққа сәйкес ажыратқыштардың UL (DL), FLU (FLD) жұмыс істеуін тексереді.

Нұсқаулыққа сәйкес кабинетті баяулату режимінің (SDS) ажыратқышын реттейді.

Кабина мен шунттар орналасуының датчиктерін реттеу

Кабина мен шунттар орналасуының датчиктерін реттеуді мынадай түрде орындайды:

- кабинеттің орналасуы датчигін монтаждау пластинасына M12 (2 дана) болттарымен уақытша бекітеді. Кронштейнді көлденең арқалыққа және кабинеттің орналасуы датчигіне орнатады. Түзулігін және қашықтығын реттегеннен кейін болттарын қатайтады;

- шунтты реттейді. Кабинаның және отырғызу алаңының табалдырығы бір деңгейде орналасуға тиіс. Шунтты кабинеттің орналасуы датчигінің тік осімен салыстырады және шунттың ұзындығы 40-42 мм ішкі жағы кабинеттің орналасуы датчигіне енгізілетіндей етіп реттейді. Шунттың биіктігін ол кабинеттің орналасуы датчигінің шетінен 5 мм жоғары және төмен шығып тұратындай түрде реттейді.

Кабина мен қарсы салмақты баланстау

Кабина мен қарсы салмақты баланстауды мынадай түрде орындайды:

- кабинеттің жүктелмеген жай-күйін қамтамасыз етеді;
- массасы лифтінің номиналдық жүктемесінің 45-48% құрайтын сынау жүгін кабинаға орналастырады;
- кабинетті баяу жылдамдық қозғалысының тестілік режиміне ауыстырады және оны қарсы салмақпен түйісу нүктесінде тоқтатады;
- кабинеттің сыртында тұрып шахтаның есігін және кабинеттің есігін жабады;
- теңдік жағдайын тексереді.

Дифференциальды трансформатор мен өлшегіш құрылғыны реттеу

Дифференциальды трансформатор мен өлшегіш құрылғыны реттеуді мынадай дәйектілікпен орындайды:

- трансформатордың кіретін және шығатын кернеуін тексереді;
 - жүктемені өтеу жағдайларын (жүктемесіз, толық жүктемемен) реттейді.
- Өлшегіш құрылғыны реттеуді мынадай дәйектілікпен орындайды:
- массасы лифтінің номиналдық жүктемесінің 110% құрайтын сынақ жүктерін кабинаға орналастырады;
 - микроажыратқышты ол өлшегіш құрылғының бекне саусағын басқан кезде ажыратылатындай, содан кейін есік ашылатындай және дыбыс дабылы естілетіндей етіп реттейді;
 - кабинадан 1-2 жүкті шығарғаннан кейін ол бастапқы қалпына оралуға тиіс;
 - есігі жабық және микроажыратқышы ажыратылған кезде 110% жүктеменің әсерімен есіктің ашылуын және дыбыс дабылының болуын тексереді;
 - микроажыратқыштың және басылатын бекне саусақтың түзулігін тексереді және оларды қосарланған гайкалармен бекітепді;
 - жоғары жылдамдық режимін реттейді.

Әрлеу жұмыстары

Әрлеу жұмыстарын мынадай дәйектілікпен орындайды:

- ғимараттағы электрмен қоректендіруді ажыратады және басқару пультін, жылдамдық шектегішті, лебедканың белдемдерін, машиналық үй-жайдағы еденді тазартады;
- машиналық үй-жайдағы барлық ашылған жабдықтарға алынған қақпақтарды (құндақтарды) кигізеді;
- машиналық үй-жайдағы барлық жабдықтағы дәнекерлеу орындарын сырлайды;
- ғимараттағы электрмен қоректендіруді қосады (машиналық үй-жайға кіруге тыйым салу);
- әрбір үй қабатындағы кіреберіс қуыстардың байламдарынан, есіктерден және отырғызу алаңдарының табалдырықтарынан қорғаныштық лентаны сыпырып алады және барлық қабаттардағы отырғызу алаңдарының табалдырықтарын сүртеді;
- бағыттағыштардың кронштейндерін, бағыттағыштарды, шахтаның есігін, кабинетті және шұқыршаны тазартады;
- шахтаның ішіндегі дәнекерлеу орындарын сырлайды;
- шахтадағы барлық ашылған жабдықтарға алынған қақпақтарды (құндақтарды) кигізеді;

- төбе пластинасының ішінен бөтен материалдарды аластайды және кабинаның қоршау қабырғаларынан қорғаныштық лентаны сыпырып алады;

- шырақтар орнатады;

- жарықтандыру тізбегінің ажыратқышын ажыратады және авариялық жарықтандыру жүйесінің жұмыс істеуін тексереді. Авариялық жарықтандырудың жарықтығы 1 лк кем болмауға тиіс.

- кабина орналасуы индикаторының қосылуын тексереді;

- дабыл лампалары мен кабинадағы басқару постысының барлық кнопкаларын тексереді;

- барлық қабаттардағы индикаторлық (шақыру) аппараттардың дұрыс монтаждалуын тексереді;

- барлық қабаттардағы индикаторлық (шақыру) аппараттардың жұмыс істеуін тексереді;

- белдемшені монтаждайды.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Ауысымның аяғында жұмысшылар жұмыс орындарын жинайды, құралдарды, мүкәммалды және пайдаланылмай қалған материалдарды қоймаға тапсырады.

5.3 Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған операциялық карта 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, құрал, мүкәммал, айлабұйым), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	6 разрядты монтажшы (М1), 4 разрядты монтажшы (М2), 3 разрядты монтажшы (М3), 6 разрядты кран машинисі (МК)	Бригада жұмысшылары мен машинистер тапсырма алады, жобалық құжаттаманы, жұмыс жүргізу жобасын және осы технологиялық картаны зерделейді, еңбекті қорғау бойынша нысаналы нұсқамадан өтеді, жұмыс орындарын жұмысқа дайындайды, қоймадан құралдар мен айлабұйымдар алады
Негізгі жұмыстар			
Қалыптар дайындау және орнату	Қалып, деңгей, рулетка, сызғыш, тіктеуіштерді бекітуге арналған айлабұйым, балға, диаметрі 1,5 мм болат сым, тістеуік	М1, М2, М3	<p>М1, М2, М3 төменгі қабаттағы кіреберіс қуыстардың, алдыңғы қабырғаның базалық сызықтарын белгілейді.</p> <p>М3 және М2 кіреберіс қуыстар мен бағыттауыш кабинетінің және қарсы салмақтың жоғарғы және төменгі қалыптары үшін дайындамалар кесіп алады, қалыптың ішкі жиегінен 5-7 мм қашықтықта сызық белгілейді. Болат қалып пайдаланылған жағдайда сызықты ортадан белгілейді.</p> <p>М1, М2, М3 қалыптар дайындайды. М2 және М3 қалыптар орнату орындарын белгілейді:</p> <p>М1, М2, М3 шахтаны өлшеуді орындайды: кіреберіс қуыстың жоғарғы қалыбын уақытша бекітеді, кіреберіс қуыстың төменгі қалыбын уақытша бекітеді, шахтаның мөлшерлерін түпкілікті тексереді.</p> <p>М1, М2, М3 бағыттағыш кабина мен қарсы салмақ үшін қалыптар орнатады.</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>Шахтадағы жұмыстар</p> <p>-буферлерді монтаждау</p> <p>-бағыттағыштардың кронштейндерін монтаждау</p> <p>-бағыттағыштарды монтаждау</p> <p>-шахтадағы жабдықты монтаждау</p>	<p>Деңгей, лом, балға, электр перфоратор, дәнекерлеу аппараты, тіктеуіш, гайка кілттері, балға</p>	<p>М1, М2, М3, МК</p>	<p>М1, М2, М3 буфердің тірек белдемдері орнатады, буферге май құяды, май буфері плунжерінің жоғарғы резеңке бастырмасын бекітетін екі М6 болтын бұрап алады. Қарау тесігінен 10 мм төмен деңгейге дейін май құяды, болттарды бұрап бекітеді</p> <p>М1, М2, М3 бағыттағыштарды бекіту кронштейндерін орнатады. Кронштейндерді шахтаның қабырғаларына бекітуді оларды жапсырма бөлшектерге дәнекерлеу жолымен немесе дюбельдермен орындайды. МК шахтаға бағыттағыштар береді. М1, М2, М3 шахтада бағыттағыштарды қабылдайды, оларды орнатуды орындайды.</p> <p>М1, М2, М3 шахтадағы жабдықтарды монтаждауды орындайды: ұштық ажыратқыштарды (жоғарғы және төменгі) жинайды, аспалы кабельді монтаждайды (аспалы кабельдің негізгі қапсырмасын орнату үшін орналасуын дәлдейді, аспалы кабельдің қапсырмаларын орнатады, қабырғаға тірек қапсырмасын орнатады), шұқыршаға инспекциялық баспалдақты орнатады.</p>
<p>Машиналық үй-жайдағы жұмыстар</p> <p>-дайындау жұмыстары</p>	<p>Мұнара кран (лебедка), деңгей, лом, балға, электр перфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері, балға</p>	<p>М1, М2, М3, МК</p>	<p>М1, М2, М3 дайындық жұмыстарын орындайды. Мыналарды: жұмыс сызбаларымен машиналық үй-жайдың жай-күйін, ғимаратты электрмен жабдықтау жүйесінің және электр бөлу қалқанының жай-күйін, машиналық үй-жайдағы барлық тесіктердің (лебедка белдемінің астындағы, кабина мен қарсы салмақ арқанының астындағы, жылдамдық өлшегіш арқанының астындағы, кабель өткізгіші астындағы барлық тесіктердің) жай-күйін, машиналық үй-жай кіру есігі құлпының жай-күйін, көтеру ілмегінің қауіпсіздігі мен машиналық үй-жайға көтерілуге тиіс жабдықтардың барлық заттарының массаларын, машиналық үй-жайда болуға тиіс барлық жабдықтардың жай-күйін тексереді.</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
-лебедканы монтаждау			М1, М2, М3 тірек белдемдерін орнатады, лебедканы строптайды, лебедканы жинауды орындайды, лебедканы орталықтандыруды орындайды, лебедканың тежегішін реттейді. Жұмыстарды лебедканы монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес атқарады.
-басқару пультін монтаждау және қалыптау			М1, М2, М3 басқару пультін монтаждау және қалыптау жөніндегі жұмыстарды орындайды: басқару пультінің негізін монтаждайды. Ғимарат қабырғасынан кемінде 300 мм қашықтықта басқару пультінің негізін орнату үшін позицияны белгілейді. Аралық қабаттардың көмегімен негізді теңестіреді және оны анкерлік болттармен бекітеді, басқару пультін монтаждайды. Басқару пультін негізге орнатады және оны болттармен уақытша бекітеді. Пульттің екі жазықтықта тік орналасуын қамтамасыз етеді.
-жылдамдық өлшегішті монтаждау және қалыптау			М1, М2, М3 Жылдамдықты шектегішті монтаждауды және қалыптауды орындайды: жылдамдық шектегішті орнату орнын және орнату тесіктерінің мөлшерін жұмыс сызбаларына нақтылайды, жылдамдық шектегішті арқаны ол үшін арналған тесік арқылы еркін өтетіндігін тексереді, жылдамдық шектегіш үшін анкерлік болттар орнатуға нүкте белгілейді және болттарды орнатады, анкерлік болттарға жылдамдық шектегішті орнатады және оны түзулейді, оның екі жазықтықтағы тік қалпын қамтамасыз етіп, жылдамдық шектегіштің орналасуын реттейді.
Кабинаны монтаждау -кабинаны жинау	Деңгей, лом, балға, электр перфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері, балға	М1, М2, М3, МК	М1, М2, М3 кабинаны жинауды орындайды: қысқыштардың көмегімен (екі жақтан 8 дана) сол және оң бағыттағышқа тірек бұрыштарын орнатады, отырғызу алаңы қабырғасының қарсы кіреберісіне белдемдердің негізгі

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
-қарсы салмақтың қаңқасын монтаждау			<p>кронштейндерін болтпен бекітеді және оларға тірек белдемдерін қояды, монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ұстағыштың орналасуына қарай кабина едені мен қаңқа қадаушасын жинайды, көлденең арқалықты орнатады, есік жетегінің тірек планкасын, тартқышты, тұғырнама қадаушасын және қадауша ұстағышты орнатады, тартқышты жинайды, түпкі ажыратқыштың және кабина төбесіндегі қоршаудың бұрмасын монтаждайды, бағыттағыш роликтерді монтаждайды, кабинаны түзулейді.</p> <p>М1, М2, М3 қарсы салмақтың қаңқасын монтаждауды орындайды. Қарсы салмақтың қаңқасын монтаждауды орналасуын таңдаудан бастайды: қабырғаға қарсы салмақ жағынан буфердің биіктігі плюс еркін жүріс ұзындығына тең шұқыршаның таза еденінен биікке базалық сызық белгілейді, қарсы салмақ қаңқасының алдыңғы және артқы жағын тексереді және оның қарсы салмақтың бағыттағышына жылжытады, қарсы салмақ қаңқасының орналасуын реттеп, қаңқаны қарсы салмақ бағыттағыштарының кронштейндеріне уақытша бекітеді, қарсы салмақ қаңқасының оң және сол жақтарында орналасқан кронштейндерді қарсы салмақтың бағыттағыштарымен біріктіреді, қарсы салмақтың жоғарғы және төменгі бағыттағыш роликтерін М16 болттарымен (4 нүктеге 4 данадан) бекітеді.</p>
- кабина мен жылдамдық өлшегіштің арқандарын тарту			<p>М1, М2, М3 кабинаның арқандарын тартуды мынадай түрде орындайды: кабина арқанының ұяшығына енгізілген ұштықты лебедканың арқан жүретін шкивінің бірінші жырашығындағы арқаннан бастап соңғы жырашықтағы арқанға дейін кабинаның көлденең арқалығына түсіреді, ажырамалы шплинтті суырып, қосарлы гайканы ағытып және тірек шайбасын және ұштықтардың серіппесін алып, ұштықтарды арқалықтың монтаждау пластинасындағы тиісті тесік арқылы өткізеді және содан соң ұштықтардың бекіту элементтерін кері дәйектілікпен орнатады, бұру блогының бірінші жырашығынан бастап арқандарды қарсы салмаққа түсіреді, арқандардың бұратылмауын болдырмау үшін арқандарды шахтаның ортасындағы қарсы салмақтың бағыттағышына байлайды, қосарлы гайкалардың</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
			<p>көмегімен кабина арқандарының бірдей ұзындығы реттелгеннен және жоғарғы тірек шайбаларының арқалықтың монтаждау пластинасына дұрыс қойылғаны тексерілгеннен кейін арқандардың байлауын ажыратуды орындайды.</p> <p>M1, M2, M3 Жылдамдық өлшегіштің арқандарын тартуды мынадай түрде орындайды: жылдамдық шектегіштің арқанын жылдамдық шектегіштің жүгі жағындағы тесік арқылы шұқырша еденіне дейін төмен түсіреді, арқанның ұшын жүкке қарама-қарсы жақта орналасқан тесік арқылы түсіреді және оны жылдамдық шектегіштің шкивіндегі жырашыққа енгізеді, кабина арқалығының біріктіру тұтқасынан ажырамалы шплинтті және біріктіру штифтін суырып, қапсырманы ажыратады, арқанды біріктіргіш тұтқаға салу үшін жылдамдық шектегіштің тарту блогын айналдыра орап, оны бағыттағышқа қарай тартады, ажыратылған қапсырма жағдайында арқанды бітеу жөніндегі жұмысты орындайды.</p>
<p>Шахтаның кіреберіс қуыстарын монтаждау</p> <p>-отырғызу алаңдарының табалдырықтары н монтаждау</p>	<p>Деңгей, лом, балға, электр перфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері, балға, электрмен дәнекерлеу жабдығы</p>	<p>M1, M2, M3</p>	<p>M1, M2, M3 отырғызу алаңдарының табалдырықтарын монтаждауды орындайды: отырғызу алаңының табалдырығына кіреберіс қуыстың осьтік сызығын, кіреберіс қуыстың енін білдіретін оң және сол сызықтарды сызады, еденнің базалық сызығы бойынша және рояльдік сымның кесінділерімен анықталатын сызықтар (кіреберіс қуыстың ені) бойынша отырғызу алаңының уақытша кронштейнін орнатады, анкерлік болтты орнататын орынды белгілейді және бұрғылап тесік теседі, анкерлік болттың көмегімен табалдырық кронштейнін уақытша бекітеді, көлденең жазықтықтағы отырғызу алаңының табалдырығын алға-артқа, оңға-солға бағытында түзулейді және реттейді; M2 электр дәнекерлегіштің көмегімен отырғызу алаңының табалдырығын дәнекерлейді;</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>-есік қуыстарының жақтауларын монтаждау</p>			<p>М1, М2, М3 белдемше орнатады, табалдырық кронштейнін уақытша орнатады, отырғызу алаңының табалдырығын монтаждайды. М1, М2, М3 блок есіктерін арналған болат жақтауларды орындайды: есік қуысы жақтауының қадаушасына: таза еденнің белгісінен 1200 мм және 870 мм (стандартты қуыс) және қосымша 300 мм (кең қуыс) биіктікке қадаушаны бекітуге арналған 2 нүктені белгілейді, бұрғылап тесік теседі және оларға анкерлік болттар орнатады, еденге ағаш тұғырықты, оның үстіне қадаушаларды және жақтаудың жоғарғы белдемін қояды, қадаушаларды және жақтаудың жоғарғы белдемін М6 болттарымен уақытша бекітеді, алдыңғы және артқы, сол жақ және оң жақ саңылауды реттейді және біріктіру кронштейнін орнатады, қадаушаны отырғызу алаңының табалдырығына болттармен уақытша бекітеді, қадаушаның орналасуы мен көлбеулігін реттейді және кронштейннің болтын тартады, жақтау қадаушасы мен анкерлік болттардың арасындағы металл тартқыштарды бекітеді, электр доғалы дәнекердің көмегімен оларды дәнекерлейді.</p>
<p>-шахта есіктерінің аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждау</p>			<p>М1, М2, М3 шахта есіктерінің аспалы тетіктерінің корпустарын монтаждауды орындайды: шахта есіктерінің аспалы тетіктері корпусының орналасуын кіреберіс қуыстың, роялдік сымның сол жақ және оң жақ дәлдемелік кесінділерінің осьтік сызығына қатысты түзулейді, анкерлік болтын орнату орнын белгілейді және болт үшін бұғылап тесік теседі, шахта есіктерінің аспалы тетіктерінің корпусынан қақпақты алады, аспалы тетік корпусының сол жақ және оң жақ кронштейндерін орнатады және анкерлік болттармен уақытша бекітеді, тросың бұратылуына жол бермей, аспалы тетік корпусындағы роликке жүк тросын асады, шахта есіктерінің аспалы тетігінің корпусына қақпақты бекітетін орталық болттың тіктеуішін түсіреді, корпустың орналасуын тіктеуіш отырғызу алаңы кіреберіс қуысының табалдырығына осьтік сызықтан ауытқумен түсетіндей түрде реттейді, есіктердің аспалы тетігіндегі бағыттағыштың орналасуын оның орталығынан роялдік сымның дәлдемелік кесінділері (кабина табалдырығының жазықтығы) орналасатын жазықтыққа дейінгі қашықтық 77,5 мм құрайтындай түрде реттейді,</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>-шахта есіктерін монтаждау</p> <p>-ернеулерді монтаждау</p>			<p>отырғызу алаңы табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен аспалы тетіктегі бағыттағыштың төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты 2170 мм тең етіп реттейді және осы қашықтықтың оң жақтан және сол жақтан бірдей болуын қамтамасыз етеді.</p> <p>M1, M2, M3 шахтаның есігін мынадай дәйектілікпен монтаждайды: шахтаның есігін аспалы тетіктің кареткасына болтпен уақытша бекітеді және қалыңдығы 2 мм аралық қабат қояды, есіктің орналасуын реттейді.</p> <p>M1, M2, M3 ернеулерді монтаждауды мынадай дәйектілікпен орындайды: қадауша кронштейннің бекітетін анкерлік болтты орнату орнын белгілейді, болт үшін бұрғылап тесік теседі, қадауша кронштейннің анкерлік болтпен бекітеді және оған болттарымен қадаушаны бекітеді, қадаушаларға болттарымен ернеуді бекітеді.</p>
<p>Үй қабатындағы индикаторлық (шақыру) аппараттарын монтаждау</p>	<p>Тіктеуіш, балға, электрмен дәнекерлеу жабдығы, ертінді қоспасына арналған жәшік</p>	<p>M1, M2, M3</p>	<p>M1, M2, M3 аппараттарды монтаждауға дайындайды (қарайды) және жұмыс сызбаларына сәйкес оларды орнату орнын белгілейді, орнату қорабының төменгі жазықтығын және кіреберіс қуыс байламының негізіндегі орталық сызықты тексереді, қораптың төменгі жазықтығын тексерілген орталық сызықпен қояды және сызықтар түйісу үшін қораптың орналасуын тігінен және көлденеңінен реттейді, қорапты қабырға жазықтығынан 3-5 мм қашықтыққа жылжытады, қорапты бекітеді (электр дәнекерінің немесе ертінді қоспасының көмегімен).</p>
<p>Қоршау қабырғалар мен кабина есіктерін монтаждау</p> <p>-дайындау жұмыстары</p>	<p>Деңгей, лом, балға, электр перфоратор, тіктеуіш, гайка кілттері, балға</p>	<p>M1, M2, M3</p>	<p>M1, M2, M3 кабинаның төбесінде орналасқан резеңке амортизаторларды төбе плитасынан бұрап босатады, арқандарды төбе плитасының төрт бұрышына байлайды, кабинаның төбе плитасын полиспастымен немесе арқалықпен байластырады, секциялардың реті бойынша кабинаның қоршау қабырғаларын нөмірлейді, кабинаның қоршау кабиналарының секцияларынан қорғаныштық үлдірді аластайды.</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
-қоршау қабырғаларды монтаждау			<p>М1, М2, М3 кабинаның сол жақ, оң жақ және артқы қоршау қабырғасын және кіреберіс қуыстың тағанын монтаждайды; кабинаның сол жақ, оң жақ және артқы қоршау қабырғаларын өзара қосады. М1, М2, М3 кабинаның кіреберіс қуысының үстіне көлденең панельді монтаждайды, төбе плитасын монтаждайды.</p> <p>Төбе плитасын кабина қабырғаларының жоғарғы жиегіне және кабинаның кіреберіс қуысының көлденең панеліне М6 болттармен уақытша бекітеді. Кабина қабырғалары қоршауларының төменгі жиектерін бекітетін алдын ала орнатылған болттарды тірек рамасына бұрап бекітеді. Кабина қабырғалары қоршауларының жоғарғы жиектері мен төбе плитасын өзара бекітетін алдын ала орнатылған болттарды бұрап қатайтады. Кабинаның кіреберіс қуысы тағандарының тіктігінен оның қоршау қабырғаларының ауытқуын тексереді.</p>
-кабина есігінің жетегін монтаждау			<p>М1, М2, М3 кабинаның төбесіне резеңке амортизаторлар орнатады. М1, М2, М3 кабинадағы басқару постысын монтаждайды. Басқару постының төбесін бекітетін бұрандаларды босатады және басқару постысын кабина қабырғасындағы тесікке енгізеді. Басқару постысын кабинаның қабырғасына болттармен уақытша бекітеді, саңылауларды үстінен және астынан аралық қабаттармен реттейді, болттарды 4 нүктеге бұрап қатайтады. Басқару постысы кабина қабырғасының жазықтығынан 1 мм қашықтыққа жылжытылуға тиіс. Қабырға кронштейндерінің артына ойық арқылы басқару постысына баратын өткізгіштерді тартады және осы өткізгіштерді байлап, оларды кабинаның еденіне тартады. Кабинаның басқару постысының төбесін бұрандалармен бекітеді.</p> <p>Кабина есігінің жетегін монтаждауды М1, М2, М3 мынадай технологиялық дәйектілікпен орындайды: кабина есігінің жетегін тірек бұрышындағы орынға дәл орнатады және оны болттармен 2 нүктеде уақытша бекітеді, тіктеуішті кабина есігінің аспалы тегіндегі есіктің бағыттағышы арқылы тізбекті беріліс блогының ортасы арқылы түсіреді. М1 тіктеуішті кабина</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
-кабинаның есігін монтаждау			табалдырығының шетінен түсіреді және М2, М3 табалдырықтың шеті мен есіктің аспалы тетігіндегі бағыттағыш арасындағы қашықтықты 58 ± 1 мм шегінде реттейді, кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы мен есік бағыттағышының төменгі жазықтығы арасындағы қашықтықты реттейді. М1, М2, М3 кабинетінің есігін аспалы тетіктің қареткасына уақытша бекітеді, қалыңдығы 2 мм аралық қабат салады және болттарды тартады, кабина есігінің төменгі жазықтығы мен кабина табалдырығының жоғарғы жазықтығы арасындағы саңылауды, кабинетінің есігі мен кіреберіс қуыстың тағаны арасындағы саңылауды және есіктің тіктіктен ауытқуын реттейді, кабина табалдырығының осі мен кабина есігінің үйлесуін тексереді, есіктің жоғарғы және төменгі резеңке стопорларының арасындағы саңылауды реттейді, есіктердің ашылуын реттейді.
-кабина есігінің қауіпсіздік құрылғыларын монтаждау			М1, М2, М3 қауіпсіздік башмағын монтаждайды және реттейді. Қауіпсіздік башмағының жоғары-төмен қозғалатын тұтқаларын кабинетінің есігіне болттармен уақытша бекітеді. М1, М2, М3 қауіпсіздік башмағын есікке орнатып, оның көлбеу бұрышын реттейді және оны болттармен бекітеді. Реттеуді қауіпсіздік башмағының артқы жағында орналасқан болтпен (стопорлық) орындайды. М1, М2, М3 оң жақ және сол жақ қауіпсіздік башмақтарының арасындағы саңылауды реттейді, қорғаныштық фотоэлементті монтаждайды. Қорғаныштық фотоэлементтің бергіші мен қабылдағышын кронштейндерге болттардың көмегімен екі нүктеде бекітеді. Бергішті кабина есігінің сол жақ жақтауына, ал қабылдағышты кабина есігінің оң жақ жақтауына өзі тесетін бұрандаларымен уақытша бекітеді. Бергіш пен қабылдағыштың орнату позицияларының көлденеңі бойынша үйлесуін реттейді және бұрандалармен қатайтып бекітеді, электр өткізгішін монтаждайды. Электр өткізгіш ширағының жоғарғы бөліктерін есік бағыттағыштарының оң жақ және сол жақ шеттеріне үстінен болттармен бекітеді. Ширақтардың төменгі ұштарын есіктің оң жақ және

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
			<p>сол жақ жақтауларына болттармен бекітеді. Электр өткізгіш тізбегінің бағыттағыш кронштейндерін есіктің жақтауларына бұрандалармен бекітеді. Фотоэлементтерге және микроажыратқыштарға баратын кабельдерді бекітеді, электр өткізгіш кабельдерін тізбекке тартқышпен байлайды. Құрылғыны бұрандаларымен бекітеді. Құрылғының оң жақ және сол жақ құрауыштарының арасындағы қашықтықты тексереді. Тізбекті тетік блогының төбесіне құрылғы бақылаушысын өзі тесетін бұрандаларымен бекітеді. Құрылғының кабелін кабинаның есігіне қапсырмамен және бұрандамен бекітеді, ал содан соң оны электр өткізгішке қапсырмамен және бұрандамен бекітеді. Құрылғы кабелінің ажыратқышын орнатады.</p>
<p>Электр монтаждау жұмыстары</p> <p>-машиналық үй-жайдағы электр өткізгіштерді монтаждау</p> <p>-аспалы кабельдерді монтаждау</p>	<p>Электр монтаждау жабдығы</p>	<p>M1, M2, M3</p>	<p>M1, M2, M3 машиналық үй-жайдағы электр өткізгіштерді монтаждауды орындайды: құрал-саймандарды, электр өткізгіштерін тартудың электр схемаларын дайындайды, қашықтықты өлшейді және өткізгіштерді тартады, машиналық үй-жайда электр қосылыстарын орындайды: электр кабельдерінің клеммаларын қысады, электрмен қоректендіру кабельдерін кіреберіс жақтағы электрмен қоректендіру кабельдерін, жүктеме жақтағы электрмен қоректендіру кабельдерін, магниттік тежегіш кабельдерін, бұрылыс бұрышы шеңберлі датчиктің кабелін қосады, жылдамдық шектегішімен қосуды орындайды.</p> <p>M1, M2, M3 аспалы кабельдерді монтаждауды орындайды: тармақтарының санын және аспалы кабельдер мен электр өткізгіштерінің санын тексереді, аспалы қапсырманы монтаждайды, шахтаның бөлгіш қорабындағы, кабинаның түбіндегі немесе кабинаның төбесіндегі аспалы кабельдерді монтаждайды, EVV кабельдерін монтаждайды.</p> <p>M1, M2, M3 шахтадағы электр өткізгіштерді монтаждауды орындайды: кабельдерді дайындайды, EVV кабельдерін басқару пультінің негізіне</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
-шахтадағы электр өткізгіштерді монтаждау			монтаждайды, шахтадағы EVV кабельдерін монтаждайды, шахтадағы электр өткізгіштерді монтаждайды. M1, M2, M3 кабинадағы ажыратқыштарға арналған электр өткізгіштерді монтаждауды орындайды: барлық ажыратқыштарды берілген монтаждау параметрлеріне сәйкес орнатады, әрбір ажыратқыштан кабина төбесіндегі бөлу қорабына электр кабелін тартады, барлық кабельдерді тірек бұрышына орналастырады және оларды 300 мм аралықта тартқышпен бекітеді. Аспалы кабель тартады және оны кабинаның қадаушасына және есіктің аспалы тетігінің корпусына байлайды, әрбір ажыратқыш кабелінің разъемін бөлу қорабының қарсы разъеміне қосады.
Сынау және пайдалануға енгізу -өтеу тізбегін монтаждау	Арнайы жабдық	M1, M2, M3	M1, M2 және M3 тізбектің кронштейнін кабинаның түбіне M12 болттарымен (2 дана) бекітеді, тізбектің қарсы салмақтағы екінші кронштейнін M12 болттарымен (2 дана) бекітеді, кабинаны жоғарғы қабат деңгейінде тоқтатады, өтеу тізбегінің ұшындағы тесікке U түріндегі болтты енгізеді және оны шұқыршаның едені жағынан қарсы салмақтың төменгі кронштейніне енгізеді, болтты қосарланған гайкалармен бекітеді, ажырамалы шплинт (2x2) салады және оның ұштарын иеді, өтеу тізбегінің бұратылмауын болдырмай, кабинаны жайлап төмен түсіреді, кабинаны қызмет көрсететін төменгі қабаттың деңгейінде тоқтатады, пайда болған бұратылымдарды толық жояды, өтеу тізбегін асып қояды, өтеу тізбегін тиісті ұзындықта кеседі, өтеу арқандарының тарту тетігінің блогын монтаждайды, өтеу арқандарының ұштарын бітейді, өтеу арқандары блогының ажыратқыштарын монтаждайды

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>-кабинаны баланстау</p> <p>- есікткердің жетегін сынап жүргізу</p>			<p>M1, M2 және M3 кабинетаны баланстауды орындайды: баланстау жүктерін салады, - бағыттағыш башмақтар мен бағыттағыш роликтерді реттейді</p> <p>M1, M2 және M3 электрмен қоректендіруді қосардың алдында тексереді, кернеуді тексереді және сынап жүргізуді орындайды, есіктер жетегінің жұмыс істеуін тексереді</p>
<p>-құлып пен ысырманы реттеу</p> <p>- Түпкі ажыратқыштарды және кабинетаны баяулату режимінің (SDS) ажыратқышын реттеу</p> <p>-кабина мен шунттар</p>			<p>M1, M2 және M3 кабинетаның табалдырығы мен отырғызу алаңы табалдырығының арасындағы саңылауды сол жағынан және оң жағынан өлшейді, ысырманың түзулігін алдынан және артынан, оң жағынан және сол жағынан тексереді, кабинетаны жоғары, төмен жылжыта отырып, отырғызу алаңының табалдырығы мен ысырманың арасындағы қашықтықты тексереді, ысырманың бұрылуын реттейді</p> <p>M1, M2, M3 кабинетаны жоғары, төмен жылжыта отырып, отырғызу алаңының табалдырығы мен құлыптың ролигі арасындағы қашықтықты тексереді, құлып ролигінің орналасуын тексереді, құлыптың құлақшасы мен ысырманың арасындағы саңылауды, ажыратқыштың жұмыс жүрісін тексереді</p> <p>M1, M2 және M3 есіктің және бұрманың ажыратқышын реттейді</p> <p>M1, M2 және M3 жоғарғы және төменгі түпкі ажыратқыштарды UL (DL) және жоғарғы және төменгі шекті түпкі ажыратқыштарды FLU (FLD) реттейді. Нұсқаулыққа сәйкес ажыратқыштардың UL (DL), FLU (FLD) жұмыс істеуін тексереді.</p> <p>Нұсқаулыққа сәйкес кабинетаны баяулату режимінің (SDS) ажыратқышын реттейді.</p> <p>M1, M2 және M3 кабина мен шунттар орналасуының датчиктерін реттеуді орындайды: кабинетаның орналасуы датчигін монтаждау пластинасына M12 (2 дана) болттарымен уақытша бекітеді.</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
орналасуының датчиктерін реттеу			Кронштейнді көлденең арқалыққа және кабинаның орналасуы датчигіне орнатады. Түзулігін және қашықтығын реттегеннен кейін болттарын қатайтады; М1, М2 және М3 шунтты реттейді. Кабинаның және отырғызу алаңының табалдырығы бір деңгейде орналасуға тиіс. Шунтты кабинаның орналасуы датчигінің тік осімен салыстырады және шунттың ұзындығы 40-42 мм ішкі жағы кабинаның орналасуы датчигіне енгізілетіндей етіп реттейді. Шунттың биіктігін ол кабинаның орналасуы датчигінің шетінен 5 мм жоғары және төмен шығып тұратындай түрде реттейді
-кабина мен қарсы салмақты баланстау -дифференциальды трансформатор мен өлшегіш құрылғыны реттеу			М1, М2 және М3 кабина мен қарсы салмақты баланстауды орындайды: кабинаның жүктелмеген жай-күйін қамтамасыз етеді, массасы лифтінің номиналдық жүктемесінің 45-48% құрайтын сынау жүгін кабинаға орналастырады, кабинаны баяу жылдамдық қозғалысының тестілік режиміне ауыстырады және оны қарсы салмақпен түйісу нүктесінде тоқтатады, кабинаның сыртында тұрып шахтаның есігін және кабинаның есігін жабады, теңдік жағдайын тексереді М1, М2 және М3 дифференциальды трансформатор мен өлшегіш құрылғыны реттеуді орындайды: трансформатордың кіретін және шығатын кернеуін тексереді, жүктемені өтеу жағдайларын (жүктемесіз, толық жүктемемен) реттейді. М1, М2 және М3 өлшегіш құрылғыны реттеуді орындайды: массасы лифтінің номиналдық жүктемесінің 110% құрайтын сынақ жүктерін кабинаға орналастырады, микроажыратқышты ол өлшегіш құрылғының бекне саусағын басқан кезде ажыратылатындай, содан кейін есік ашылатындай және дыбыс дабылы естілетіндей етіп реттейді, кабинадан 1-2 жүкті шығарғаннан кейін ол бастапқы қалпына оралуға тиіс, есігі жабық және микроажыратқышы ажыратылған кезде 110% жүктеменің әсерімен есіктің ашылуын және дыбыс дабылының болуын тексереді, микроажыратқыштың және басылатын бекне саусақтың түзулігін тексереді және оларды қосарланған гайкалармен бекітепді, жоғары жылдамдық режимін реттейді.

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар	-	М1, М2, М3, МК	М1, М2, М3, МК өздерінің жұмыс орындарын жинайды, материалдардың қалдықтарын контейнерлерге салады және оларды қоймадағы жауапты адамға тапсырады.

6 Материалдық-техникалық ресурстардың қажеттілігі

6.1 Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеу кезінде пайдаланылатын материалдарды жұмсау жұмыс жобасы жабдығының ерекшеліктері бойынша қабылданады.

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, құралдың, мүкәммал мен айлабұйымдардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, құралдың, мүкәммал мен айлабұйымдардың тізбесі

Р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	Мұнара кран	Материалдар алып беру	$Q_{\max} = 25$ т	1
2	Монтаждау лебедкасы, қол қарақағазы	Жабдықтар көтеру	-	1
3	Строп	Материалдар мен бұйымдар байлау	ЖЖЖ бойынша ж/к	ЖЖЖ бойынша
4	Кабина бағыттағышын көтеру қармағышы	Жабдықтар көтеру	-	1
5	Қарсы салмақ бағыттағышын көтеру қармағышы	Жабдықтар көтеру	-	1
6	Дәнекерлеу аппараты	Арматура дәнекерлеу	$U = 220$ В	1
7	Дәнекерлеу кабелі	Науаларды (қораптар) дәнекерлеу	Ұзындығы – 50м	1
8	Электр ұстағыш	Науаларды (қораптар) дәнекерлеу	Ток – 300А	1
9	Шуруп бұрағыш	Шуруптар бұрау	Қуаты – 1,1кВт	1
10	Қол тістеуігі		-	3
11	Диэлектрлік отвертка	Өткізгіштерді клеммаларға қосу	-	3
12	Балға	Қорама қалып жинау	Масса 0,36 кг	2
13	Монтаждау ломы	Қорама қалып қалқандарын түзету	-	2
14	Гайка кілттерінің жиынтығы	Жабдықтар құрастыру	-	1
15	Өлшеу сызғышы	Желілік өлшеу	Ұзындығы 300 мм, о.д. 1 мм	1

3-кесте (жалғасы)

Р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
16	Металл рулетка	Желілік өлшеу	Ұзындығы 10000 мм, о. д. 1 мм	1
17	Щуптар жиынтығы	Бақылау құралы	Жуандығы 0,5-ден 2,0мм дейін	1
18	Құрылыс деңгей өлшегіші	Бақылау құралы	Ұзындығы 2,0 м	1
19	Штангенциркуль	Бақылау құралы	О.д.1 мм	1
20	Құрылыс тіктеуіші	Бақылау құралы	-	1
21	Маркер	Таңба салу	-	2
22	Құрылыс каскасы	Қорғану құралы	-	бригадаға
23	Сақтандыру белдігі	Қорғану құралы	-	бригадаға
24	Баспалдақ	Биікте жұмыс істеу құралы	-	2
25	Тақтай төсем	Биікте жұмыс істеу құралы	-	жиынтық
26	Лифт шахтасы есігі қуысының жұмыс кезеңіндегі мүкәммалдық қоршауы	Қорғану құралы	-	жиынтық
27	Өрт сөндіргіш	Қорғану құралы	-	ЖЖЖ бойынша
28	Костюм	Қорғану құралы	-	бригадаға
29	Қолғап	Қорғану құралы	-	бригадаға
30	Бетті қорғау қалқаншасы	Қорғану құралы	-	бригадаға
31	Аяқ киім	Қорғану құралы	-	бригадаға
32	Аптечка	Қорғану құралы	-	бригадаға

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Жүк көтергіштігі үлкен жылдам лифтілер жүйесін монтаждау және іске қосу-жөндеуге арналған технологиялық үдерістерді бақылау картасы 4-кестеде келтірілген.

4-кесте – Технологиялық үдерістерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынама-ларды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділігі	Бақылау-ды немесе сынақ жүргізуді орындау-шы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номинал-дық мәні	Шекті ауытқу					НТҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
Кіру бақылауы										
Жолаушы және жүк лифтілері: - жабдық-тардың толықтығы	Ілеспе құжатта-мада көрсетіл-ген көрсеткіш-терге сәйкестігі	Ілеспе құжаттар бойынша, ЖЖЖ бойынша	Жол берілмейді	Қабылдау алаңы	Тұтас (әрбір партия)	Шебер (прораб)	Көзбен қарап	-	-	Кіру бақылауы журналы
Операциялық бақылау										
Кабина мен қарсы салмақтың бағыттағышын орнату	Бағыттағыштың ұзындығы кезінде бағыттағыштың тіктіктен ауытқуы, мм:	- 50 м дейін - 50 м астам	Шахта биіктігінің 1/5000 10-нан көп емес	Жұмыс жүргізу орны	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшегіш (МСТ 26433.2)	Рулетка Сызғыш Деңгей (МСТ 9416)	Өлш. диап. 0 мм-ден 10000 мм дейін, о.д. 1 мм Өлш. диап. 0-ден 300 мм дейін, о.д. 1 мм 1 дәлдік тобы	Жұмыс-тардың жалпы журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынама-ларды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділігі	Бақылау-ды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номинал-дық мәні	Шекті ауытқу					НТҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
	Кабина бағытта-ғыштарының түйісу орнында-ғы ауытқуы, мм, м/мин жылдам-дық кезінде	- 300 - 120-300 астам - 120 кем	0,1 0,15 0,25	Жұмыс жүргізу орны	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшегіш (МСТ 26433.2)	Рулетка Сызғыш	Өлш. диап. 0 мм-ден 10000 мм дейін, о.д. 1 мм Өлш. диап. 0-ден 300 мм дейін, о.д. 1 мм	Жұмыс-тардың жалпы журналы
	Қарсы салмақ бағытта-ғыштары-ның түйісу орнында-ғы ауытқуы, мм, м/мин жылдамдық кезінде	- 300 - 120-300 астам - 120 кем	0,2 0,3 0,5	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да
Шахта есігін монтаждау	Тік байлам қадаушасына қатысты тіктіктен ауытқу, мм	-	±1,0	Жұмыс жүргізу орны	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшегіш (МСТ 26433.2)	Сызғыш Деңгей (МСТ 9416)	Өлш. диап. 0 мм -ден 300 мм дейін, о.д. 1 мм 1 дәлдік тобы	Жұмыс-тардың жалпы журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық үдеріс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау кезеңділігі	Бақылау-ды немесе сынақ жүргізуді орындау-шы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілеу	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					НТҚ түрі, маркасы, белгіленуі	Өлшем диапазоны, қателігі, дәлдік сыныбы	
